2. «Қазақстан Республикасының Білім берудің 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы» Астана, 2010 ж. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 07 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен бекітілген.
3. С.И. Сабельникова. Развитие инклюзивного образования. Справочник руководителя образовательного учреждения. - 2009. -№ 1.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

А.Т. Қажмұратова, Е.А. Шнайдер

Ф. Қайырбеков ат. №2 гимназия, Астана қ.

Аңдатпа. Мақалада қазақ тілі сабағында танымдық белсенділікті арттыру жолдары қарастырылған. Қазақ тілі сабағында танымдық белсенділікті арттыру әдістері, құралдары айқындалып, танымдық белсенділікті арттырудың жаңа бағыттары ұсынылған.

Аннотация. В статье рассматриваются пути повышения познавательной активности на уроках казахского языка. Обосновываются методы, средства, повышения познавательной активности, предлагаются новые ориентиры повышения познавательной активности на уроках казахского языка.

Abstract. his article discusses ways to enhance cognitive activity on the lessons of the Kazakh language. Settle methods, means of improving the cognitive activity at the lessons of the Kazakh language. Proposed new guidelines enhance cognitive activity on the lessons of the Kazakh language.

Тірек сөздер: қазақ тілі, сабақ, танымдық белсенділігі, арттыру жолдары, оқушылар.

Ключевые слова: казахский язык, урок, познавательная активность, пути повышения, учащиеся.

Keywords: Kazakh language, lesson, cognitive activity, ways to increase, the students.

Оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекет белсенділігі оның жеке бас ерекшелігіне ғана қатысты емес, сонымен қатар, мұғалімнің теориялық сауаттылығы мен шеберлігіне байланысты. Мектеп оқушыларының оқу-танымдық іс-әрекеттерін жетілдіру проблемасына көптеген педагогтердің, психологтердің еңбектері арналған. Танымдық іс-әрекет белсенділігі деп, мотивациялық – тұлғалық, мазмұндық-амалдық және процессуалды-жігерлік бөліктерінен тұратын тұлғаның интегралдық құрылымын, сипаттамасын айтамыз [1, б.43].

Оқушының оқу-танымдық іс-әрекеттерін, құзыреттілігін қалыптастыру үшін әр оқушының өзіндік қабілетін, танымдық үрдісін білу қажет. Оқушылардың оқу-танымдық құзыреттіліктерін қалыптастыра отырып, танымдық іс-әрекет белсенділіктерін арттыру үшін, көрнекі құралдар, техникалық құралдарды жиі пайдалану қажет. Әр оқушының жеке бас ерекшеліктерін ескере отырып танымдық жұмыс түрлері іріктеп алынды. Мұғалім оқушының оқу-танымдық құзыреттілігін қалыптастыру үшін, танымдық үрдіс (ойлау, есту, зейін, қиял) деңгейлерін анықтауы қажет. Оқу

–танымдық құзыреттіліктерін мұғалімнің шеберлігіне байланысты төрт деңгейде қалыптастыруға болады.

I-деңгей Қарапайым өзіндік жұмыстар.

Білім алушы қарапайым тапсырмаларды мұғалім берген үлгісіне қарап орындауға дағдыланады.

II деңгей – жылжымалы (вариативті) өзіндік таным. Оқушы мәліметтерді өз бетінше талдап, жинақтайды. Жинақталған анықтамалардың тиімділігін іріктеп, салыстырмалы түрде қорытынды жасайды. Кездескен қиындықтардан шығу жолын іздейді.

III деңгей - өзіндік ізденушілік әрекет. Оқушы анықтамаларды салыстырып қана қоймай, өз бетінше мүмкін болатын жауаптарды іздестіреді, яғни зерттеу мәдениеті қалыптасады.

IV деңгей – тұлғалық өзіндік таным. Оқушы жеке тұлғалық қажеттілігі мен қызығушылығын өтеу үшін өзіндік таным әрекетіне көшеді. Мұғалім бағыт-бағдар беруші болып есептеледі [2, б.17].

Оқушы оқу-танымдық іс-әрекеттің субъектісі болады, себебі оқушы үшін бұл іс-әрекет маңызды, оның қажеттілігін және

әлеуметтік маңызды танымдық мәселелерін шешеді. Қазақ тілін өзге ұлтқа оқытудың сапасын арттыру мұғалімнің оқыту әдісін ұтымды таңдауына байланысты. Мақсаттар жүйесі жеке тұлғаны психомоторлы, танымдық, ойлау, эмоциялық, қатысымдық әрекеттерге дайындауға және оны жүзеге асыруға, сондай-ақ, өзін-өзі тануға бағытталған.

Қазақ тілі сабағында оқушының оқу-танымдық құзіреттілігін қалыптастыру үшін, ең алдымен қазақ тіліне деген қызығушылығын арттырудың жолдарын іздестіруіміз керек. Сондықтан, тіл үйренушілердің тілге қызығушылығын, олардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту негізіне бағытталған, яғни оқу-танымдық құзіреттіліктерін қалыптастыруда қазақ тілінде жаттығулар жиынтығын дұрыс пайдалану маңызды рөл атқармақ. Жаттығулар тапсырмасы бірнеше топқа бөлінеді: фонетикалық, грамматикалық, лексикалық, сөйлеу алды, сөйлеуге арналған, оқуға арналған [3, б.21; 4].

Қазақ тілі сабағында оқушының оқу-танымдық құзіреттілігін қалыптастыру – көптеген ізденістерді, жаңа оқыту технологияларын қолдануды керек етеді. Біз өз сабақтарымызда модульдік оқыту технологиясын қолданып жүрміз.

Бұл оқыту технологиясының ерекшелігі тұлғаның танымдық қабілеттерін дамытуға, сондай-ақ, тұлғаның шығармашылығын арттыруға, дарынды балалармен жүйелі жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Тіл үйренуде ұтымды әдістердің бірі – деңгейлік тапсырмалар беру. Деңгейлік әдістің маңыздысы – оқушының шығармашылықпен белсенді жұмыс істеуін дамытады, әр оқушыны өздігінен үйренуге баулиды, өткен грамматикалық, лексикалық тақырыптарды жүйелі игеруге дағдыландырады, ой еңбегімен айналысуға жетелейді, яғни оқу-танымдық құзіреттілігі қалыптасады. Қазақ тілі сабағында белгілі бір модульдік тақырып бойынша сұхбаттасу бөлімінде мәтінмен оқушылар әртүрлі деңгейлік тапсырмалар орындау арқылы танысады.

Мысал: Мәтіннің тақырыбын оқып шығып, оны оймен байланыстырыңыз. (2 топ)

1-ші топ оқушылары тақырыпты сурет арқылы оймен байланыстырып көрсетсе, ал 2-ші топ оқушылары тақырыпты сөз тіркестері айтылымдар арқылы оймен байланыстырып көрсетеді.

Немесе, 1-ші топ мәтіннен таныс сөздердің, сонымен бірге мағынасын оңай түсінуге болатын сөздердің астын сызып, және оларға сүйене отырып, мәтін мазмұнын болжап біліңіздер деген тапсырма беруге болады.

Оқушының оқу-танымдық құзіреттілігін қалыптастыруда мәтінді зерттей оқудың маңызы зор. Зерттей оқу кезінде оқушыларға келесідей жаттығулар береледі:

- Мәтіннен өзіңізге маңызды, жаңа деп табылатын ақпаратты көшіріп жазыңыз;

- Мәтінді мағыналық бөліктерге бөліп, оларға тақырып қойыңыз;

- Мәтіннің мазмұнына байланысты бір-біріңізге сұрақтар қойыңыз;

- Мәтіннің мазмұнына және мәселесіне қатысты сурет салыңыз;

- Мәтіннен алынған келесі сөйлемді түсіндіріңіз;

- Мәтінге басқа қандай тақырып берер едіңіз?

Шығармашылық тапсырмалар оқушылардың сөйлеудағысын ғана қалыптастырмайды, ол оқушыларды ойлауға, өз пікірін айтуға, өз талғамын қорғауға үйретеді, яғни оқушының оқу-танымдық құзіреттілігін қалыптастыруға, танымдық белсенділіктерінің артуына мүмкіндік береді.

Танымдық қызығушылығының белсенді дамуы нәтижесінде, өзін-өзі келешекте де дамыта алатын, қазіргі жағдайға бейімделген жеке тұлға қалыптасады. Демек, қазіргі жас шәкірттеріміз - еліміздің болашағының тұтқасын ұстайтын азаматтар.

Қорыта айтсақ, өнегелі ұстаздың ең басты қасиеті оқушының жеке тұлға ретінде жан-жақты дамыған, адамзатқа қызмет етуге даяр абыройлы дәрежеге жеткізу.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бақзыбекова Н. Саралап деңгейлеп оқыту технологиясы арқылы оқушылардың білім деңгейін арттыру. – Алматы: Нұрлы әлем, 2012. – 215 б.
2. Қайдаров Ә. Этнолингвистика. – Астана: Фолиант, 2011. – 317 б.
3. Ерназарова З.Ш. Қазақ тілін оқытудың төрт деңгейлік бағдарламасы. – Алматы: Атамұра, 2013. – 287 б.
4. Әтежанова Г. Психологиялық-педагогикалық құзырлықты қалыптастырудағы жаңа формация мұғалімінің рөлі. – Астана: Фолиант, 2013. – 323 б.

УДК 373.1

**ОСОБЕННОСТИ ОРГАНИЗАЦИИ ПРОЦЕССА ФОРМИРОВАНИЯ
ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО САМООПРЕДЕЛЕНИЯ СТАРШЕКЛАССНИКОВ
В РЕСУРСНОМ ЦЕНТРЕ**

Б.К. Утемуратова
КГУ СОШ № 5, г. Караганды

Аңдатпа. Мақалада оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауын қалыптастыру және оқыту үдерісін ұйымдастырудың желілік жаңартылған моделі ұсынылған.

Аннотация. В статье актуализируется эффективность сетевой модели организации процесса обучения в формировании профессионального самоопределении учащихся.

Abstract. The article is updated efficiency of the network model of organization of the learning process in the formation of professional self-determination of students.

Тірек сөздер: желілік моделі, әлеуметтік серіктестік, жеке қабілеттері, кәсіби өзін-өзі анықтау, еңбек нарығының қажеттіліктері, үздіксіз оқу, білім беру, ақпараттық - білім субъектілері.

Ключевые слова: сетевая модель, социальное партнерство, индивидуальные способности, профессиональное самоопределение, потребности рынка труда, непрерывное образование, субъекты образования, информационно – образовательная среда.

Keywords: network model, social partnership, individual skills, professional self-determination, the needs of the labor market, lifelong learning.

В современных социально-экономических условиях формирование профессионального самоопределения школьников является основным и важным направлением образовательной деятельности организаций образования. Однако ограниченные ресурсы общеобразовательных организаций не позволяют создать условия школьникам для самореализации личностных и социальных потребностей. Именно ресурсное обеспечение ограничивает возможности школьников, реализацию индивидуальных программ обучения, свободу выбора индивидуальных образовательных

маршрутов. Решением проблемы является создание на базе общеобразовательных организаций инфраструктуры по типу сетевой организации, концентрирующей ресурсы входящих в ее состав учреждений и обеспечивающей максимальную свободу выбора самореализации профессиональных намерений школьникам. Создание такой организации на основе информационно-коммуникационных и образовательных технологий, совместного применения образовательных ресурсов, социального партнерства, способствует формированию профессионального самоопределения

школьников и реализации идеи непрерывного образования.

Взаимодействие всех участников образования формирует сетевую модель организации процесса обучения, единое научно-методическое и практическое обеспечение, входящих в ее состав организаций образования. Для создания сетевого взаимодействия необходима мотивация субъектов образовательного пространства и ресурсы для организации деятельности по формированию профессионального самоопределения школьников. Отметим, что сетевое взаимодействие может обеспечить школьников широким спектром возможностей самостоятельного выбора востребованных и интересных для них профильных курсов. Под сетевым взаимодействием понимается совместная деятельность организаций различных форм собственности с целью реализации образовательных программ конкретной направленности и уровня с использованием ресурсов всех учреждений (организаций), входящих в структуру сети.

Сетевая организация обучения вносит изменения в деятельность образовательных учреждений, ориентирует на решение единых целей обучения по формированию профессионального самоопределения школьников. Существуют три типа сетевого взаимодействия организаций: вертикальный, горизонтальный и смешанный. Вертикальную сеть образуют, когда субъектами образовательного пространства являются общеобразовательные, профессиональные, дополнительные организации образования, а также предприятия социальной и экономической сферы. Функцией такого типа взаимодействия является социальное партнерство, при котором происходит расширение социальных возможностей развития школьников за счет концентрации различных ресурсов (кадровых, лабораторных, научно-методических, материально-технических и т.д.). Подобная система отношений организации образования с другими организациями, обеспечивает возможность привлечения, кооперацию ресурсов с целью обучения школьников

программам определенного уровня и направленности.

При горизонтальном типе социальными партнерами являются несколько общеобразовательных организаций, объединяющихся с целью создания сетевых межшкольных групп (классов) для их последующего деления на профильные группы. Отметим, что данная сеть наиболее распространена среди общеобразовательных организаций одного регионального образования и различается по типу организации: равноправная и кустовая.

Главным учреждением сети, концентрирующим ресурсы учреждений (организации) различных форм собственности с применением информационно-коммуникационных технологий обучения является ресурсный центр. Ресурсные центры создаются на базе общеобразовательных школ с современным ресурсным обеспечением. Механизм деятельности ресурсного центра направлен на учет интересов всех субъектов образовательного пространства в условиях взаимодействия рынков образования и труда, ориентированного на взаимовыгодный обмен между субъектами ресурсами. Все это обеспечивает самореализацию школьников и их осознанный выбор профессионального и образовательного маршрута обучения. Направлениями деятельности ресурсного центра являются образовательная (реализация учебных программ, практико-ориентированных курсов), информационная (обучение с применением дистанционных и электронных технологий) и учебно-методическая (информационная поддержка организаций сети) деятельности.

Под содержанием понятия «ресурсный центр» понимается специально созданная структура, осуществляющая роль координатора взаимодействия организаций сети с целью формирования профессионального самоопределения старшеклассников в соответствии с потребностями рынка труда и личностными ожиданиями каждого школьника.

Задачами деятельности ресурсного центра можно считать:

- создание единого информационного поля в сети;

- организацию процесса формирования профессионального самоопределения выпускников на основе социально-экономического развития региона, учета интересов, склонностей и способностей школьников;

- создание организационных и информационных условий взаимодействия общеобразовательных организаций с работодателями, профессиональных образовательных организаций разного уровня, социальными структурами для обеспечения рационального распределения рабочих кадров и их востребованности, самореализации и саморазвития школьников;

- организацию проведения исследований рынка труда и мнения субъектов образовательного пространства для корректировки деятельности ресурсного центра, развития содержания практико-ориентированных курсов и расширения возможностей спектра образовательных маршрутов школьников;

- методическое обеспечение развития содержания образовательных программ в соответствии с профилем, выбранным школьником;

- разработка и апробирование технологий, инструментария экспертизы эффективности формирования профессионального самоопределения у школьников;

- создание необходимого учебно-методического обеспечения по формированию профессионального самоопределения школьников (курсов, факультативов, мероприятий и т.д.);

- организацию семинаров, информационных совещаний, консультаций с субъектами образовательного пространства по деятельности ресурсного центра.

Главным и важным механизмом сетевого взаимодействия учреждений (организаций) сети становится кооперация, концентрация ресурсов для реализации образовательных программ конкретного профиля и возможности выбора школьниками индивидуальных траекторий обучения, их ориентацию на получение непрерывного образования. Взаимодействие

учреждений (организаций) сети определяется формированием новых и удовлетворением существующих потребностей потребителей образовательных услуг.

Модернизация образования ориентирует профессиональные учреждения на опережающую подготовку кадров в соответствии с потребностью рынка труда, индивидуальных способностей каждого школьника. Однако, чаще всего знания, умения и навыки, полученные в общеобразовательных организациях, не имеют межпредметной связи с будущей профессиональной и образовательной деятельностью школьников, поэтому возрастает потребность в их приближении, взаимосвязи с дисциплинами организаций профессионального образования. Профессиональное самоопределение должно быть направлено на их информирование о существующих видах профессиональной деятельности, необходимости изучения конкретных предметов в соответствии с выбранной профилем обучением. Знания, умения и навыки учащихся в течение жизни должны расширяться и развиваться с последующим образованием, что ведет к их постоянному наращиванию и непрерывному обогащению.

Потребность общества в профессионально определившихся старшеклассниках, их самореализации, обуславливает необходимость взаимодействия всех субъектов образовательного пространства. Изменяющиеся потребности общества, школьников, родителей и работодателей требуют соответствующего способа координации всех интересов образовательного и социально-экономического пространства. Каждый потребитель образовательных услуг имеет разнонаправленные предпочтения, для их согласования требуются механизмы координации потребностей и их реализации. Взаимодействие всех потребителей образовательных услуг позволяет повысить уровень обменных процессов (ожиданий) и удовлетворенность всех ее участников. С этой целью взаимодействие потребителей должно быть организовано в рамках единого пространства,

определенного сферой пересечения интересов личности и общества. Координатором единого пространства выступает ресурсный центр как механизм согласования спроса и предложения, заинтересованности потребителей образовательных услуг посредством свободного обмена ресурсами, социально-значимыми благами, имеющими ценность для общества.

Ресурсный центр как механизм концентрации ресурсов образует единство взаимосвязанных между собой форм, методов и технологий обучения, объединяющих субъектов образовательного пространства (потребителей образовательных услуг), что, по сути, является рыночной моделью их функционирования. Подобная многоуровневая система обуславливает необходимость формирования определенной образовательной среды взаимодействия, а именно сетевого взаимодействия. Отношения, возникающие между субъектами сети, имеют однонаправленный характер и основываются на среднесрочных или долгосрочных отношениях, в состав которых входят такие элементы как: целеполагание, управление взаимодействием, учет потребностей потребителей.

Для обеспечения полноты предоставляемых ресурсным центром услуг необходимо, чтобы его направления деятельности соответствовали актуальным и перспективным потребностям рынка труда; способствовали непрерывности образования, начиная с предпрофильной подготовки; реализации широкого спектра элективных курсов или факультативов в соответствии с личностными интересами школьников. Так, например, образовательные учреждения, получив импульс с рынка труда об изменившихся требованиях к специалистам и востребованности конкретных категорий профессий и специальностей, реагируют изменением учебно-методического обеспечения с учетом их интереса и потребности в обучении

В каждой школе обучаются различные по индивидуальным склонностям школьники, которые хотят выбрать профессию или специальность в соответствии своими

интересами и способностями, но материально-техническая база, кадровые ресурсы чаще всего не позволяют школьнику сделать осознанный выбор профессионального жизненного пути. Именно с данной точки зрения актуализируется проблема концентрации ресурсов с целью подготовки востребованных специалистов.

Демографическая ситуация ориентирует организации профессионального образования на сотрудничество с общеобразовательными школами с целью ориентации старшеклассников на освоение востребованных специальностей, реализуемых в конкретных профессиональных организациях. Можно сказать, что в школьниках заинтересованы все субъекты образования, включая работодателей. Ведь именно к работодателям трудоустраиваются выпускники, у которых не сформированы профессионально значимые качества, отсутствует мотивация к выбору профессии, что затрудняет реализацию деятельности сферы услуг в частности и развитию экономики в целом. Как результат отмечается возросший интерес всех субъектов общества к концентрации усилий для совместной профориентационной деятельности, который можно обобщить в виде следующих положений:

- родители настаивают на углубленной подготовке ребенка по дисциплинам, обеспечивающим ему преимущество в дальнейшей профессиональной деятельности, включая поступление в организации профессионального образования;

- организации профессионального образования оценивают свои возможности для привлечения потенциальных абитуриентов и выполнение контрольных цифр приема;

- общеобразовательные организации заинтересованы в реализации профильных образовательных программ (элективных курсов) для школьников, с целью мотивации их на изучение практико – ориентированных учебных дисциплин (связь с профилем) и построение индивидуальных образовательных траекторий обучения;

- работодатели озабочены повышением

престижности конкретных профессий или специальностей, привлечением специалистов.

Знания, умения и навыки, полученные школьниками в процессе обучения в общеобразовательной организации, нельзя подвергать ломке, необходимо их развивать и совершенствовать, следовательно, содержание обучения при сетевом взаимодействии должно основываться на изучение дисциплин последующего обучения, которое будет способствовать их расширению и углублению. Содержательное единство преемственности школы и организаций профессионального образования обеспечивает его непрерывность, сохраняет баланс взаимодействия и взаимовлияния в профессиональном самоопределении и способствует осознанному выбору траектории профессионального обучения школьников. Работодатели участвуют в формировании профессионального самоопределения школьников, предоставляя свои ресурсы для приобретения старшеклассниками начальных знаний, умений и навыков профессиональной деятельности, демонстрируя виды деятельности специалистов в условиях производства.

На практике процесс концентрации ресурсов организуется следующим образом: участие преподавателей организаций профессионального образования в процессе обучения школьников; организация внеклассных мероприятий с участием всех субъектов образовательного пространства; повышение квалификации педагогов и их стажировка на предприятиях; организация и проведение профориентационных

услуг посредством социальных служб. Таким образом, концентрация ресурсов осуществляется на взаимовыгодных условиях с целью удовлетворения потребностей всех участников сети: кадровые – привлечение преподавателей организаций профессионального образования к процессу обучения школьников; работодателей – стажировке педагогов; консультирование преподавателей школ при разработке учебно-методических материалов, инструментария оценки достижений школьников; материально-технические – предоставление оборудования и помещений для обучения школьников.

Единая цель и системная работа субъектов образовательного пространства в рамках ресурсного центра позволяет расширить спектр услуг по формированию профессионального самоопределения школьников без существенных затрат для учреждений образования, информировать об изменениях на рынке труда и рынке образовательных услуг и создать целостность образовательной системы. Особенности деятельности ресурсного центра являются: вариативность содержания обучения; развитие преемственности школьного и профессионального образования; обеспечение единства теоретического обучения и специализированной учебно-производственной деятельности учащихся; создание новой информационно-образовательной среды; рациональное использование ресурсов системы образования; повышение инвестиционной привлекательности субъектов сети.

Список литературы:

1. Гаврилин, А. В., Шалыгина, О. В. Аналитический обзор существующих моделей профильного обучения при сетевом взаимодействии образовательных учреждений // *Вопросы интернет образования: Электронный журнал*, 2008. – № 56 (январь).
2. Жилбаев Ж.О., Утемуратова. Б. К. Ресурсный центр профильного обучения: монография – Караганда: Изд-во ИПК и ПГСРО, 2008. – 163 с.
3. Гузанов, Б. Н. Б. К. Утемуратова. Формирование профессиональных намерений старшеклассников в ресурсном центре на основе социального партнерства. // *В мире научных открытий*. – 2014. – № 7 (55). – С. 7-31.

ТАҢДАУЫ БОЙЫНША КУРСТАР: РӨЛІ ЖӘНЕ МАЗМҰНЫ

А.А. Итжанова

№3 Киевка орта мектебі, Нұра ауданы, Қарағанды облысы

Аңдатпа. Мақалада жалпы білім беретін орта мектептерде жүргізілетін таңдауы бойынша курстардың рөлі мен мазмұнын анықтау туралы баяндалған. Сонымен қатар, математика пәнінен 10-11 сынып оқушыларына арналған «Дифференциалдық және интегралдық есептеулер» таңдау курсының жоспары ұсынылып отыр.

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы роли и отбора содержания курсов по выбору, проводимых в общеобразовательных школах республики. Также предлагается тематический план курса по выбору для учащихся 10-11 классов по математике на тему: «Дифференциальные и интегральные исчисления».

Abstract. The role and selection of content of optional classes conducted in general schools of republic are examined in the article. The thematic plan of optional class on Mathematics on a theme «Differential and integral calculations» is also offered for 10-11 grade students.

Тірек сөздер: таңдау курстары, таңдау курстарының бағдарламалары, математика.

Ключевые слова: курсы по выбору, программы курсов по выбору, математика.

Keywords: elective courses, the program elective courses, Mathematics.

Жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене бітімі және рухани дамыған азаматын қалыптастыру, тез өзгеретін әлемде оның табысты болуын қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттілігін қанағаттандыру, еліміздің экономикалық әл-ауқаты үшін бәсекеге қабілетті адами капиталды дамыту мәселесі Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында атап көрсетілген [1].

Осы орайда жалпы білім беретін орта мектептерде оқытылатын оқу пәндерімен қатар жүргізілетін таңдауы бойынша курстардың орны ерекше. Таңдауы бойынша курстар типтік оқу жоспарының вариативтік компонентінің құрамына кіреді [2].

Таңдау курстары дербес білім беру бағдарламаларын құрудың маңызды құралы, өйткені мектеп оқушысының білім беру мазмұнының элементтерін өзінің қабілетіне, қызығушылығына, болашақ жоспарларына байланысты таңдауына неғұрлым көп мүмкіндік береді.

Таңдауы бойынша курс бағдарламаларының мазмұнына келесідей талаптар қойылады: білім берудің заманауи технологияларына бағытталуы; курс мазмұнының қойылған мақсаттарға және құрылымының логикаға сәйкестігі; оқушылардың оқу жүктемесінің нормаға сәйкестігі; бағдарламаларды әзірлеудің қолданыстағы талаптарына сәйкестігі; қажетті ақпараттар бар құралдардың тізімінің болуы.

Білім беру мазмұнын жаңарту мектептегі таңдауы бойынша курстардың да мазмұнын өзгерту мен толықтыруды жобалайды. Өзгертулер мен толықтырулар келесі жағдайларды қарастырады: жүйелі-әрекеттік тәсілді жүзеге асыру арқылы білім мазмұнының практикаға бағытталуын күшейту; оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту; пәнаралық кіріктіруді күшейту және оқу материалдарын деңгейлер бойынша қайта бөлу арқылы оқу пәндерінің мазмұнын жүйелеу; білім мазмұнын саралауды күшейту; қазақстандық компонентті кеңейту; тәжірибелік, сарамандық, зертханалық, жобалық-зерт-

теушілік және эксперименттік жұмыстар санын көбейту.

Математика пәнінен таңдау бойынша курстарының тақырыптарын анықтау барысында білім беру деңгейлерінің үзіліксіздігі мен сабақтастығы қамтамасыз етілуі тиіс. Мәселен, мектебіміздің 5-6-сыныптарында математикадан таңдау курстары «Қызықты математика», «Сандар әлемі», «Логика», «Логикалық есептерді шығару» және т.б., ал 7-9 сыныптарда – «Стандартты емес есептер шығару», «Күрделілігі жоғары есептер шығару» және т.б. болса, ал 10-11 сыныптарда «Теңдеулер және теңсіздіктер», «Көрнекі геометрия», «Қолданбалы математика элементері» және т.б. тақырыптар бойынша жүргізіледі.

Сонымен қатар, таңдау курстарының бағдарламалары мектеп бағдарламасын тереңдетеді, оқушының жан-жақты тұлға болып өркендеуін қамтамасыз ететін мазмұнды қарастырады.

Ұсынылып отырған «Дифференциалдық және интегралдық есептеулер» таңдау курсының бағдарламасы 10-11 сыныптарда жүргізілетін «Алгебра және анализ бастамалары» пәнінің базалық оқу мазмұнын тереңдету мен кеңейту мақсатында құрастырылған [3].

Курс бағдарламасы бойынша 10-сыныпта дифференциалдық есептеулер, ал 11-сыныпта интегралдық есептеулер қарастырылады және курс әр сыныпта аптасына 1 рет жүргізіледі (барлығы 34 сағ.).

Аталған таңдау курсының өзектілігі жаратылыстану-математика бағыты бойынша білім сапасын жетілдіру, бүгінгі жедел қарқынмен дамып отырған ақпараттанған заманда өмір сүруге бейімдеу, бағдар ала білу білігін дамыту болып табылады.

Курстың мақсаты:

- жоғары оқу орындарында оқуды жалғастыруда және орта арнаулы оқу орындарында білім алуда қажет математикалық білімдерді меңгеру;

- алгебра пәніне қызығушылығын ояту, дифференциалдық және интегралдық

есептеулерді практикада қолданылуын көрсету, туынды мен интеграл ұғымдарының өмірде қолданылуының маңызын түсіну;

- тұлғаның қабілетін, шығармашылығын дамыту, есептердің шешу жолын таңдай білу;

- қоғам дамуындағы математиканың маңызын түсіне білуге жеткізу.

Курстың міндеттері:

- математика, физика және химия есептерін шығаруда дифференциалдық және интегралдық есептеулерді меңгерген білімін қолдана алатындай дәрежеде оқушылардың есептеу дағдыларын жетілдіру және тереңдету;

- функцияны зерттеу әдісін тереңдету және функция туралы білімдерін жоғары оқу орындарында дұрыс қолдана білуге үйрету;

- ҰБТ тапсырмаларын зерделеу, шығару тәсілдерін меңгеру, ұтымды жолдарын қарастыру;

- қисық сызықты фигураның ауданын, қисық сызықты сектордың ауданын, дененің көлемін табу жолдарын меңгеру;

- туынды мен интегралды есептеу; жуықтап есептеу әдісін меңгеру және туынды мен интегралды қолдану арқылы шығарылатын есептерді шешу тәсілдерін меңгеру, функционалдық теңдеулерді шешу кезінде сәйкес формулаларды қолдану;

- бағалау әдісі арқылы есептерді шешу әдісін енгізу және олимпиадалық мазмұнға ие есептерді шешу біліктілігін дамыту.

Таңдау курсының диагностикалық өлшеуіштері:

- тест тапсырмалары;
- шығармашылық есептер;
- математикалық диктант;
- сынақ.

10-11 сыныптарға «Дифференциалдық және интегралдық есептеулер» таңдау курсының күнтізбелік-тақырыптық жоспарын 1-2 кестелерде ұсынылған.

ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ

1-кесте – 10-сыныпқа арналған «Дифференциалдық және интегралдық есептеулер» таңдау курсының күнтізбелік-тақырыптық жоспары

№	Тақырыптар	Сағат саны
1.	Сандық аргументтің тригонометриялық функциясы	1
2.	Функция және оның графигі	2
3	Жұп және тақ функциялар. Периодты функция	1
4	Өспелі, кемімелі функциялар	1
5	Функцияны зерттеу	2
6	Арсинус, арккосинус, арктангенс	1
7	Тригонометриялық теңдеулерді шешу	1
8	Тригонометриялық теңсіздіктерді шешу	2
9	Шексіздікке ұмтылғандағы функция шегі. Шектелген функция	2
10	Функцияның шегін есептеу. Вертикаль және горизонталь асимптоталар	2
11	Шектер туралы теоремалар. Тамаша шектер	2
12	Функцияның үзіліссіздігі. Үзіліссіз функцияның кейбір қасиеттері.	2
13	Күрделі функция. Құрамында күрделі функциялар бар теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу. Функционалдық теңдеулер	1
14	Туындыны есептеу	1
15	Үзіліссіздікті қолдану	1
16	Функцияның графигіне жүргізілген жанама	1
17	Жуықтап есептеу. Туындының физика және геометрияда қолданылуы	2
18	Функцияның өсу (кему) белгілері	1
19	Сындық нүктелер, максимум және минимум нүктелері	2
20	Функцияны зерттеуге туындыны қолдану	2
21	Функцияның ең үлкен және ең кіші мәндері	1
22	Есептерді бағалау әдісімен шешу	1
23	Олимпиадалық мазмұндағы есептер шығару	1
24	Қорытынды сабақ	1
Барлығы		34

2-кесте – 11-сыныпқа арналған «Дифференциалдық және интегралдық есептеулер» таңдау курсының күнтізбелік-тақырыптық жоспары

№	Тақырыптар	Сағат саны
1.	Алғашқы функция және анықталмаған интеграл	2
2.	Анықталған интегралдың аналитикалық анықтамасы.	1
3.	Анықталған интегралдың бар болуы туралы теоремалар	1
4.	Анықталған интегралдың қасиеттері	1
5.	Орта мәндер теоремасы	1
6.	Анықталған интегралды есептеудің негізгі әдістері	2
7.	Бөліктеп интегралдау формуласы	1
8.	Анықталған интегралдағы айнымалыны ауыстыру әдісі	2
9.	Құрамында квадрат үшмүше бар кейбір функциялардың интегралдары	1

10.	Рационал бөлшектер. Қарапайым рационал бөлшектер және оларды интегралдау	1
11.	Рационал бөлшектерді интегралдау	1
12.	Иррационал функцияның интегралы	1
13.	Тригонометриялық функциялардың интегралы	1
14.	Тригонометриялық ауыстырулар көмегімен иррационал функциялардың интегралын табу	1
15.	Жуықтап есептеудің қойылу шарттары.	1
16.	Жуықтап есептеу формалары	1
17.	Анықталған интегралды жуықтап есептеу	1
18.	Анықталған интегралдың геометрияда қолданылуы. Қисықтың ұзындығы	2
19.	Қисық сызықты трапецияның ауданы	1
20.	Қисық сызықты сектордың ауданы	1
21.	Дененің көлемі	1
22.	Айналу бетінің ауданы	1
23.	Анықталған интегралдың физика және механикада қолданылуының жалпы схемасы	1
24.	Анықталған интегралдың экономикада қолданылуы	1
25.	Тік бұрышты координатадағы аудандар есептеу	1
26.	Айналу дененің көлемі	1
27.	Айналу дененің беті	1
28.	Анықталған интеграл көмегімен жұмысты есептеу	1
29.	Қорытынды сабақ	2
Барлығы		34

Оқушылардың математикалық дайындығына қойылатын талаптар білімді нақтылау, талдау мен қорытынды жасау, түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып есептерді шешу және шешудің тиімді жолдарын таңдау дағдысын жетілдіру.

Оқушылардың курс мазмұнын меңгеруге қойылатын талаптар ғылыми әдебиеттермен жұмыс жасау, саралау, салыстыру, жүйелеу, қорытынды жасауды үйрену, туынды мен интегралдың практикалық маңызын түсіну, іргелес пәндерде қолданылуын қарастыру, дифференциалдық және инте-

гралдық есептеулерді игеру, алған теориялық білімдерін практикада қолдана білу.

Күтілетін нәтижелер аталған курсты ойдағыдай толық меңгерген жағдайда берілген тапсырманы толық зерттей алатын қабілеті дамыған, оны шешудің жолдарын білетін, өз көзқарасын жеткізетін, өзін-өзі бағалай білетін тұлғаны қалыптастыру.

Таңдауы бойынша курстар бағдарламаларының мақсаты мен міндеттері оқушылардың жеке білім алу мүдделерін, қажеттіліктері мен қабілеттіліктерін дамытуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған жаңа мемлекеттік бағдарламасы //Егеменді Қазақстан, 14.12.2010ж.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламасы.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МЕКТЕПКЕ БЕЙІМДЕЛУ ФАКТОРЛАРЫ

З.Қ. Омарова

№82 жалпы білім беретін орта мектеп, Қарағанды қ.

Аңдатпа. Мақалада бастауыш сынып оқушыларының мектеп өміріне бейімделуіне әсер ететін негізгі факторларға сипаттамалар берілген. Сонымен қатар, оқушылардың оқу жұмыстары дағдыларын тиімді меңгеруіне қажетті қолайлы жағдайлар жасау барысында мұғалімнің атқаратын жұмыстарының мазмұны баяндалған.

Аннотация. В статье описаны основные факторы адаптации учеников начальных классов к школьной жизни. Также изложено содержание работы учителя по созданию благоприятных условий для успешного овладения учениками навыков учебной работы.

Abstract. Main factors of primary school childrens' adaptation in school life are described in article. Article also includes the content of teacher's activities on providing supportive environment for successive learning of academic skills.

Тірек сөздер: бейімделу, мектепке бейімделу, бейімделу факторлары, психологиялық даярлық.

Ключевые слова: адаптация, адаптация к школе, факторы адаптации, психологическая готовность.

Keywords: adaptation, adaptation to school, factors adaptation, psychological readiness.

Қазіргі кезде балалардың мектеп өміріне бейімделуі, оқыту процесінде бағдарламалық материалдарды мерзімді және толық игеруі өзектілігін жоғалтпай отырған мәселелердің бірі.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «100 нақты қадам» Ұлт Жоспарының 76-қадамында «ЭЫДҰ елдері стандарттарының негізінде адам капиталының сапасын көтеру, 12 жылдық білім беруді кезең-кезеңімен енгізу, функциялық сауаттылықты дамыту үшін мектептегі оқыту стандарттарын жаңарту» атап көрсетілген [1].

Бүгінгі күні жаңартылған білім мазмұны аясында мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандарты бекітіліп, оқу бағдарламалары мен оқулықтар еліміздің 30 пилоттық мектептерінде сынақтан өтіп жатыр.

Осы орайда, 12-жылдық білім беру жүйесіне көшу барысында 1-сыныпқа 6 жасар балалардың келуі – олардың мектеп өміріне бейімделу мәселесін қажетті деңгейде шешілді талап етеді.

Оқушылардың мектеп өміріне бейімделуіне Н.Г. Салмина, О.Г. Филимонова, В.Р. Цылев және тағы да басқа көптеген ғалымдардың зерттеулері арналған [2, 3].

Мектепке бейімделу – баланың оқуының тиімді болуының алғы шарттарының бірі болғандықтан оның маңыздылығын ескермеу мүмкін емес. Соған қарамастан, бірқатар ғалымдардың пікірінше, балалардың мектеп өміріне, оқыту процесіне бейімделуі көптеген жағдайда стихиялы жүреді [4].

Оқушылардың мектепке бейімделуінің тез әрі нәтижелі болуы мұғалімнің атқаратын жүйелі жұмыстарына тәуелді. Ол үшін бірінші кезекте балалардың мектеп өміріне бейімделуіне қандай факторлардың әсер ететінін анықтау керек. Оларға төмендегілер жатады:

- баланың жас және жеке психологиялық ерекшеліктері;
- дене және психикалық денсаулығы, мектепке даярлығы (интеллектісі, оқу мотивациясы, оқуға деген құштарлығы, басқа

адамдармен қарым-қатынас орнату іскерлігі, өз іс-ірекеті мен жүріс-тұрысын ұйымдастыруы, танымдық және ойлау белсенділігі);

- жүйелі оқуды бастау жасы;
- мектептегі жағдайдың ерекшеліктері;
- сыныптастарымен және мұғалімдермен қарым-қатынасы;
- отбасындағы микроклимат;
- жеке тұлғалық қасиеттері;
- психикалық дамуының негізгі параметрлері [5].

Баланың мектептегі өз жағдайын дұрыс бағалауы, іс-әрекет түрлерінің өзгеруі, отбасылық тәрбиенің оңтайлы әдістері, отбасында дау-дамайлық жағдайлардың болмауы, құрдастары арасында жоғары ықпалға ие болуы баланың оқуға ыңғайлануына оң ықпал етеді.

Сонымен қатар, керісінше, мектепке функционалдық даярлықтың жоқтығы, ересектермен қарым-қатынасының дұрыс болмауы, ата-аналардың педагогикалық сауаттылығының төмендігі, педагогтің теріс көзқарасы және отбасындағы келеңсіз микроклимат сияқты факторлар мектепке бейімделу процесін қиындатады.

1-сынып оқушыларының мектепке бейімделу кезеңіндегі мұғалім жұмысы осы факторларды ескеруден және балалармен оң қарым-қатынас орнатудан басталса нұр үстіне нұр болмақ.

Енді осы факторларды жеке-жеке қарастырсақ.

Оқушының мектепке бейімделуінің бір факторы – жүйелі оқыту басталатын жасы. 6 жасар балалардың мектепке бейімделуі ұзағырақ болады. Олардың жұмысқа қабілеттілігі төмендеу және тұрақсыз. 6 жасар бала мен 7 жасар баланы бөліп тұрған бір жыл – баланың дене, функционалдық және психикалық дамуы үшін өте маңызы зор аралық болып табылады. Физиологиялық тұрғыдан кіші мектеп жасында баланың денесі тез өседі. Дене дамуы көп жағдайда баланың жүйке жүйесінің, психикалық дамуынан ілгері болады. Соның салдарынан баланың жүйке жүйесі әлсірейді. Оны баланың шаршағыштығынан, мазасыздығынан, шектен тыс қозғалғыштығынан байқауға

болады. Осылардың барлығы баланың жағдайын ушықтырады, күшін әлсіретеді, бұрын қалыптасқан құрылымдарға тірек жасау мүмкіндіктерін азайтады.

Баланың оқуының сәтті болуына көп әсер ететін басты факторлардың бірі – оның физикалық денсаулығы. Ол баланың мектепке бейімделуінің ұзақтығы мен сәттілігіне ғана емес, жалпы одан әрі оқуына да әсерін тигізеді. Дені сау бала мектепке оңай бейімделеді, Жиі ауыратын немесе созылмалы ауруы бар балалардың мектепке бейімделуі қиын жүреді [6].

Баланың жүйелі оқуға даярлығы – оның мектепке бейімделуінің жетекші факторларының бірі. Мектепте оқуға баланың психологиялық дайын болуы оның мектепке дейінгі кезеңдегі психикалық дамуының маңызды нәтижесі болмақ [7].

Баланың оқуға даярлығы интеллектуалдық, мотивациялық, коммуникативтік тұрғысынан даму деңгейімен анықталады. Л.С. Выготский баланың оқуға даярлығын оның белгілі бір деңгейде жинақтаған білімдер, іскерліктердің көлемімен емес, психикалық процестердің даму деңгейімен анықталатынын айтқан болатын. Мектепке даярлық, бірінші кезекте, қоршаған әлемдегі құбылыстарды саралау, талдау, себеп-салдар байланыстарын орнату, өз беттерімен ой тұжырымдарын жасай білу қабілеттерімен анықталады.

Л.И. Божович баланың мектепке бейімделу кезеңінде тұлғалық және интеллектуалдық даярлығының маңыздылығын атап көрсетеді. Бұл аспектілер оқу іс-әрекеттерін игеруіне, баланың жаңа жағдайдарға тез үйренуіне маңызды екендігін атап көрсетті [8].

В.Н. Сарбасова және Ж.Қ.Тойжанова оқушының мектепке бейімделуіне мұғалім мен ата-аналардың көңіл аударатын маңызды шарттары ретінде оқушының тәртібін бақылау, онымен немен және қандай пәнге қызығатыны туралы әңгімелесу, қызығушылықтарын ояту, қиындықтарды дер кезінде анықтау және түзету, эмоционалдық жағымды өзара қарым-қатынас жүйелерін қалыптастыру және т.б. атап көрсетеді [9].

Қорыта келе, баланың мектепте оқуға психологиялық даярлығы бір-бірімен тығыз байланысты бірнеше элементтермен анықталады деп тұжырымдауға болады:

- мотивациялық (баланың ішкі бағдары);
- баланың жігері (өз әрекеттерін белгілі бір ережелерге бағындыру);
- интеллектісі.

Баланың оқуға деген психологиялық даярлығы оның мектеп жағдайына тез бейімделуін қамтамасыз етеді. Дегенмен, бұл даярлық бастауыш мектепте баланың алдында қиындықтар туындамауына кепіл бола алмайды.

Сонымен қатар, баланың мектеп жағдайына тез бейімделуіне білім мазмұны мен оқыту әдістемесі сияқты факторлар да әсер етеді. Сабақтарды, баланың күн тәртібін тиімді ұйымдастыру да баланың мектепке үйренуін жеңілдетері сөзсіз.

Сондықтан, сабақ кестесі, оқыту әдістері, оқу бағдарламаларының мазмұны және мектепте жасалған жағдайлар балалардың жасына сәйкес функционалдық мүмкіндіктеріне ыңғайластырыла құрылуы тиіс.

Бірінші сынып баласының мектеп жағдайына бейімделуіне педагогтың

ұстанған позициясы мен қарым-қатынас стилі де айрықша әсер етеді.

Қазіргі кезде педагогикалық қарым-қатынастың үш стилі бар екендігі белгілі: демократиялық, авторитарлық және немқұрайдылық.

Мұғалім өз іс-әрекетінде педагогикалық қарым-қатынастың демократиялық стилін ұстанатын болса, баланың мектепке бейімделуі соғұрлым тиімді жүреді. Сондықтан ол сыныпта балалардың өзіне деген сенімсіздігін, олардың ортасында пайда болатын дау-дамайлық жағдайларды жоятын қолайлы қарым-қатынас орнаған ортаны құруы керек. Сыныпта қалыптасқан жайлы микроклиматтық орта балалардың мектепке бейімделуіне ықпал ететін тағы да бір қолайлы фактор болып есептеледі.

Қорыта келе, баланың мектепке тез әрі тиімді бейімделуіне жоғарыда көрсетілген факторлар кешені әсер етеді. Осы факторларды мектептің педагогикалық процесін ұйымдастыруда, әр баламен жеке жұмыс жүргізу барысында толық ескергенде ғана бастауыш сынып оқушыларының білімге деген құштарлығын сақтап қана қоймай, олардың ынтасын одан әрі дамытуға, оқу іскерліктерін тиімді меңгертуге, нәтижесінде сапалы білім беруге болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Н.Ә. Назарбаев: Ұлт Жоспары – «100 нақты қадам» // Астана. – 2015. – 20 мамыр.
2. Салмина Н.Г., Филимонова О.Г. Психологическая диагностика развития младшего школьника. – М., МГППУ, 2006. – 210 с.
3. Цылев В.Р. О связи диагностики психологической готовности детей к школе и содержания коррекционных занятий // Психологическая наука и образование, 2000. - № 1.
4. Костяк Т.В. Психологическая адаптация к школе. – М.: «Академия», 2008.
5. Коломинский Я.П., Панько Е.А., Игумнов С. А. Психическое развитие детей в норме и патологии: психологическая диагностика, профилактика и коррекция. – СПб.: Питер, 2004. – 480 с.
6. Журавлев Д. Адаптация учащихся на переходных периодах // Народное образование. – 2008. – №2. – С.31.
7. Введение в школьную жизнь: Учеб.-метод. пособие / З.Л. Шинтарь. – Гродно, 2002.
8. Божович Л.И. Избранные психологические труды: Проблемы формирования личности. – М.; Воронеж, 1995.
9. Сарбасова В.Н., Тойжанова Ж.Қ. Бастауыш сынып оқушыларының мектепке бейімделуінің психологиялық ерекшеліктері.
10. http://www.rusnauka.com/5_SVMN_2013/Psihologia/7_129321.doc.htm

НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ПРЕЕМСТВЕННОСТИ ДОШКОЛЬНОГО И НАЧАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Ж.Г. Нурмухаметова

АО «Информационно-аналитический центр», г. Астана

С.Н. Жиенбаева

Казахский государственный женский педагогический университет, г. Алматы

Андатпа. Мақалада мектепке дейінгі мен бастауыш білім беру сатысы арасындағы сабақтас-тық, концептуальдық негіздері және оны модернизациялау мәселесі, тәрбиеші мен мұғалімнің педагогикалық жұмыстарының арасындағы байланыс қарастырылады.

Аннотация. В статье освещаются проблемы преемственности развития дошкольного и начального образования на современном этапе, концептуальные основы преемственности и ее модернизации, тесное взаимодействие педагогической работы воспитателя и учителя начальной школы.

Abstract. The article regarded to the related problems of pre- and primary school, conceptual basis and their modernization, relationship between the mentors and teachers' pedagogical works.

Тірек сөздер: сабақтас-тық, мектепке дейінгі білім беру, бастауыш білім беру, әдістер, тәсілдер.

Ключевые слова: преемственность, дошкольное образование, начальное образование, методы, приемы.

Keywords: adjacent, pre-school education, primary education, methods, techniques.

лаларына қамқорлық жасай алмаған, Апа бейнесіне қарама-қарсы кейіпкер ретінде Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романындағы Өрікті айтуға болады. Бұл романда Өрік тағдырына ызалы. Неліктен...? Неліктен ол Мамырбайдың сәби қыздарына қырын қарайды, сәт сайын қарғап-сілейді? Адамгершілік, мейірімділік қайда? «Апамның астауы» әңгімесі мен «Ақбілек» романындағы әйелдердің, яғни Апа мен Өріктің тағдырлары ұқсас. Апа – Достың әйелі өлгеннен кейін, ел-елді аралап, Керей елінен таңдап, айттырып алған тоқалы, Өрік – Мамырбайдың әйелін орыс офицерлері қатыгездікпен өлтіріп кеткеннен кейін, Әбен болыстығынан айттырып алған тоқалы. Екеуі де балаларға «өгей шеше» болып келеді.

«Апамның астауы» әңгімесінде Апаның бойындағы асыл қасиеттерді автор былайша суреттейді: «Бірде апам екеуміз ауылдан он шақырым жердегі Қаражерге барып, картошканың арам шөбін жұлдық. Мен шөбін отап, апам түптеп, лезде бітіріп тастадық. Біздің осы жұмысты аяқтауымызды күтіп тұрғандай, қара бұлттан бауырсақтай-бауырсақтай бұршақ төпелей жөнелді. Апам ұстарамен күні кеше ғана жалтыратып алып тастаған тақыр басымды ұрғылағанда, тулаққа тиген сабаудай тартылдақ үн шықты. Апам желеткесін шешіп, басыма жапты. Қашыбай шал отыратын қыстаққа қарай безектей жөнелдік... Қыстаққа келген соң тоңып қалған мені киізге тұмшалап бөлеп тастады. Киізде оранып жатып, маужырап, бойым жылынған соң ұйықтап қалдым. Ояңғанымда апамдар шай ішіп отыр екен. Көп ұзамай кішкентай қозыны маған көтертті де, өзі тобан аяқ болып баса алмай жатқан зіңгіттей саулықты арқасына бір-ақ салып, біздер ауылға тарттық. Ауылға апам бес-алты рет демалып, жетіп келді. Сонда менің көз алдымда қалғаны: Апамның көкжайсаң шалғынды қақ жарып, менің алдымда батар күнді бетке алып қасқая тартып бара жатқаны; Қарасуға барып дәрет алғаны, содан соң батар күнге бет беріп намаз оқығаны... Біз үйге жеткенде (жолда ешкілерді айдай келдік), екі сиырды бұзауы еміп тұр екен, ал ағаш үйдің есігі шалқасынан ашық, маса

толып алған, әпкелерім тұлыпқа оранып ұйықтап жатыр. Апам оларға ұрысқан да, тіпті ұйқысын бұзып оятқан да жоқ. Бүкіл шаруаны өзі тындырып, тек кешкі асқа ғана шақырды...» [2]. Не деген қамқорлық. Әрбір жазушының шеберлігі тілі арқылы көрінетіндігі ақиқат. Бұл орайда Оралхан Бөкейдің сөз қолданыс ерекшелігі халық жанына жақын, ұлттық рухта сипатталады. Жоғарыдағы келтірілген үзіндіде «бауырсақтай-бауырсақтай бұршақ», «тулаққа тиген сабаудай» деген теңеулер, «көкжайсаң шалғын» эпитет, «тұлыпқа орану» т.б. етістікті тіркестердің берілуі жазушы тіліндегі көркемдік тіл құралдарының лингвистикалық табиғаты қазақ халқының төл тіл мәдениетіне жақын екендігінің дәлелі болып табылады. Ал, барлық оқиғалары тікелей өмірден алынған Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романы ХХ ғ.б. қоғамдық ахуал мен кезең көріністерін, өмір-уақыт шындықтарын шынайы суреттеуге негізделген. Романдағы басты кейіпкерлердің бірі, Өрік - Апа бейнесіне қарама-қарсы кейіпкер. Өріктің жеке әрекетіне келетін болсақ, балалардың басқан ізін аңдып, кір іздеп, мін тағу болатын. Ол өзінің құлығын асырып, Мамырбайға жағынып, әкесін балаларына қарсы қояды. Не деген жауыздық десеңізші! Ж.Аймауытов ирония тәсілі арқылы Өріктің бойындағы жағымсыз қасиеттерді айшықтай білген. Оған мысал ретінде, өмір тауқыметін, азапты көп көрген, қайғыдан көз ашаламай жүрген Ақбілектің тағдырын ойыншық көрген өгей шеше Өріктің мына әрекетін баса айтуға болады: «Бірде ауыл әйелдерінен Өрік Ақбілектің екі қабат екенінен хабардар болды. Бұл хабарды естігенде. Өрік өлген байы тіріліп, екі баласы қолына тигендей қуанды. Дүниеде әйел бір-бірімен өштеспесін. Әйел өштессе, аяу дегенді білмейді, ар-ұятты, адамгершілікті ұмытады, қай-қайдағы жараның аузын жұлып алатын нәзік, жанды жерді аңдиды, қай-қайдағы жаншошырлық былық іске кіріседі. Әйел шақса, шаяннан бетер шағады. Әйел өмірі кешірмейді. «Ақбілек екі қабат» деген сөзді құлағы шалғанда Өрік:

- Ә! Шешесінің күйігі екен десем, үһілеп, жата беретіні... кемзаның түймесін сал-

майтыны... шапанын арқасынан тастамайтыны сол екен ғой, - деді. Содан кейін Өрік бірталайға дейін Ақбілекпен араздығын ұмытқан кісідей сөйлесіп, жылыұшырап, жылмандай қалды. Неге бүйтіп жүргеніне Ақбілек түсіне алмай тамсанды да жүрді. Бір күні Ақбілек тысқа шыққалы түрегеп еді. Өрік қамқорсып:

- Ішіңе жел қарысар, түймеңді салып шықсайшы! - деді.

Шын екенін, аярлық екенін біле алмай, Ақбілек күдіктеніп, кірпігін мұңая бір қағып, үндемей шығып кетті. Тағы бір күні Өрік әбдіре ақтарып, төрт кез сантоп тауып алып, Ақбілекпен ақылдасқан болып, өзіне қынама пішті. Өз кемзалын ұнатпай, Ақбілектің кемзалына салып пішуді қалап:

- Қарағым, сенің кемзалың маған құйып қойғандай шығар. Белінің қиғанын көрейін, түймеңді салшы! - деді. Енді аярлық екенін Ақбілек сезді: Мен киюші ме ем? Өлше-сең, өз бойыңа өлшей бер! -деп, кемзалын шешіп, лақтырып жіберді. Өрік әлі де көзі жетпегендей, таңертең, Ақбілек ұйықтап жатқанда, ақырын барып, көрпесін ашып қарады. Ішіне суық қол тигенде,

Ақбілек шошып оянып:

- Ә, ә... Немене... бұл кім? - деп, үрпиіп түрегеліп еді, Өрік:

- Көрпең ашылып қалғанға жауып жатырмын, - деп жұбатқан болды. Өрік өз көзін жеткізді. Қапысы жоқ, дәл өзі! Бейшара құны қалғандай, неге сонша қудалады екен?[3]. Бұл үзіндіде көріп отырғандай, Ж.Аймауытов сөйлемнің, ойдың ықшамдылығын, әсерлілігін, өткірлігін арттыру мақсатында эллипсисті орынды қолдана білген [4].

Өріктің мына әрекеті Апа бейнесіне тіптен қарама-қарсы: «...Бір күні Сара бауырсақ сұраса, бере қоймайды. Бірдеңеге айналып жатты ма, кім білсін. Сара қыңқылдап, иығынан тартып, мазасын алып қоймаған соң, Өрік ашуланып:

- Сенің-ақ жыланшығың құрып тұра ма? Неткен бала өзі! - деп, Сараны төбеге бір қояды. Сара жылап әпкесіне келеді. Ақбілек ол жолы үндемейді. Тағы бір рет те: «Аяғыңмен алашаны былғайсың» деп Сараны итеріп тастайды. Сара тағы жылай-

ды. Ақбілек тағы үндемейді. Енді бір күні Қажікен байқамай қағып кетіп, лампының шынысын қиратып алады. Өрік оны желкеге бір түйеді. Онымен де қоймайды.

- Өй, қағынды! Өй, түйнеме келсін! Довбалдай боп, көзің шығып кетті ме? Көк шешек! -деп, жаман-жаман қарғысты соғып жатқанда, Ақбілек кіріп келеді. Мұндай қарғысты бұрын естіп көрген жоқ қой, шыдай алмай күйіп кетіп:

- Не қылды? Неңді бүлдірді. Баланы сонша қарғап... Ауыл-үйден ұят емес пе? - деп келе жатқанда Өрік кимелеп:

- Тәйт әрі, албасты қатын қар! Сенікі не? Сен неге қыстырыла қалдың! Менен тумады дейтін шығарсың... Қарғамақ түгілі отқа тастап жіберсем де, менің қолымнан алатын кісі жоқ. Балаға ара түскенді көрсетпе! Па! Бауырың екен, көрдік! Көрермін бауырыңды ала кеткенінді?.. Әлі-ақ кетесің байыңа! - деп шаптығып, ит терісін басына қаптады. Ақбілек:

- Ойбай-ау! Ұят қой! Пәленшенің қатыны дейді ғой, - деп, тағы бірдеңе айтпақ еді, Өрік одан жаман дәуірлеп:

- Қатыны болсам, не қыппын? Ойнас қыппын ба? Өтірік айтыппын ба? Құдайға шүкір, оң қолым таза, аузым оймақтай! Келсем, құдайдың жазуымен келіп отырмын. Аяғынан келген дейтін шығарсың. Құдай сендей әбиірі кеткеннен, орысқа салдақы болғаннан сақтасын! - деп, бастырмалатып, аузынан көбігі бұрқырап жатқанда, Ақбілек шыдай алмай, еңіреп шыға жөнелді...». Романдағы кейіпкердің мінез қырларың, көзқарасын, психологиясын ашуда Ж.Аймауытовтың жеке дара баяндау стилі айрықша көрінеді. Жоғарыда көрсетілген екі шығармада Апа байсалдылығы, ұстамдылығы, мейірімділігі, қамқорлығы, жана-шырлығы арқасында «ел анасы» атанды, ал Өрік болса қулығын, арамдығын, зұлымдығын жүзеге асырам деп күлкі болды, қатыгез, жүрген жері – өсек, берекесіз, мейірімсіз қасиеттерімен жалғыз қалды.

Адамгершілік туралы педагог класиктер Ж.Ж.Руссо, Я.А.Каменский «Тәрбие басы – халық» деген пікірді айтса, қазақ зиялы қауымы өкілдері, ағартушы, ойшылдар Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев,

М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ж.Досмұхамбетовтер «Адамгершіліктің бастауы – ұлттық тәрбиеде» деген пікірді айтады [5]. Қалай десек те адамзат баласы ар-ождан, адамгершілікті бойтұмардай сақтауы қа-

жет. Көркем прозадағы «Апамның астауы» әңгімесі мен «Ақбілек» романындағы кейіпкерлер әлемінің әрекетінен адами құндылықтардың негізі, адамгершілік туралы өмірлік, моральды сабақ алу әбден мүмкін.

Әдебиеттер тізімі:

1. Конфуций ілімі//<http://www.zharar.com/kz>
2. Бөкей О. «Кербұғы» жинағы, «Апамның астауы» хикаясы // Алматы «Атамұра» 2003ж, 86-88б.б.
3. Аймауытов Ж. «Ақбілек»: роман. - Алматы Паритет, 2003. - 226-227б.б.
4. Қабдолов З. Сөз өнері // Алматы;Мектеп 1982ж, 78б.
5. Рухани-адамгершілік тәрбиесінің маңыздылығы//<http://www.zkoipk.kz/>

ӘОЖ 94 (574)

МУЗЕЙ ЖӘНЕ ЖАС ҰРПАҚ

Ш. Уайсова

ҚР Ұлттық музейі, Астана қ.

Аңдатпа. Мақалада жас ұрпақты тәрбиелеудегі музейлердің рөлі қарастырылған.

Аннотация. В статье рассматривается роль музея в воспитании молодого поколения.

Abstract. In this article are considered a role of the museum it education of the younger generation.

Тірек сөздер: музей, жас ұрпақ, тәрбие, музейлік педагогика.

Ключевые слова: музей, молодое поколение, воспитание, музейная педагогика.

Keywords: museum, the younger generation, education, museum pedagogy.

«Ел болам десең бесігіңді түзе» деп дана халқымыз айтқандай, ертеңімізді ойлайтын болсақ, алдымен өсіп келе жатқан жас ұрпаққа беретін тәрбиемізге аса мән беруіміз керек. Тәрбие тек мектеп оқуы мен кәсіп беруімен шектелмейтіні анық, жас буынды жан-жақты, эстетикалық талғамы биік, рухани-адамгершілік мәдениеті жоғары, әлемдік мәдениеттен хабары бар, ұлттық құндылықтарды қадірлей білетін, отаншылдық рухтағы тұлға етіп қалыптасуын қадағалап, барынша бағыт-бағдар беруіміз біздің бастапқы міндетіміз. Балаларға бірден-бір тәрбие беру жолы – барды көрсете білу, осы әдіске «музейлік педагогиканы» жатқызуға болады. Балаларға

өнерді таныстыру неғұрлым ерте жүргізілсе, соғұрлым нәтижесі де оң болатыны анық. Б.М.Неменскийдің сөзі бойынша, «адам өнер арқылы өткенді тек түсініп қоймай, оның тәжірбиесін бойына сіңіру мүмкіндігін алады» [1].

Көркемсурет, мүсіндер, графика, архитектура өмірімізге сән беретіні анық. Айналадағы сұлулықты көре білу, көрсете білу де өнер. Бұл жұмысты музей педагогтері толығымен атқарғаны абзал, жалпы кіріспе мектепке дейінгі буыннан басталса тіпті тамаша. Мектепке дейінгі балалардың музейлерге қызығушылығын оята білу маңызды іс, жеткіншектің әлемді көркем тұрғыдан қарастыра алуы болашақта тұлға

болып қалыптасуына бірден-бір көмек болып келеді.

Әдетте, музей сабақтарын жоспарлауда төмендегі әдістемелік қағидаларды сақтаған баланың түсінуіне жағымды әсерін береді:

1. Әрекет. Бала жаңа білімдерді бойына сіңіріп, жаңа тәжірибе алуда. Бұл жерде педагог та, бала да дүниетанымдық тұрғыдан жаңа әсер алады..

2. Таңдау. Баланың нақты мәселеге өз көзқарасы қалыптасады. Өз ойын жеткізе алған балаға әрдайым қолдау беру - бұл жердегі негізгі әдістемелік қағида.

3. Шығармашылық. Педагог баланың шығармашылық белсенділігін қолдап, жеке әрі ұжымдық тұжырым жасай білуіне бағыт береді.

4. Оқытуда үзіліс жасамау, яғни бала білімді тек сабақ барысында ғана емес, топ, сынып, отбасында да ала отыруы керек. Осы жерде «Балаңды тәрбиелеме, өзінді тәрбиеле, балаң өзіңе тартады» деген ағылшын мақалы өте орынды болып табылады, тәрбие отбасынан басталатыны баршамызға аян.

5. Адамсүйгіштік, немесе гуманизм. Өмірге деген махаббатсыз, сүйіспеншіліксіз балаға тәрбие беруге болмайды, әлем негізі – адамгершілік. Мектепке дейінгі бала тәрбиесінде бұл қағида басты болуы тиіс.

Қазіргі заманда шет елдерде дәстүрлі экскурсия және танымдық лекциялардан тыс, мәліметті театрландырылған көрініс, ойын түріндегі сабақ, фольклорлық мерекелер және шығармашылық шеберханалар арқылы жеткізетін «балаларға арналған музейлер» кеңінен тараған. Алғашқы рет мұндай музей 1899 ж. АҚШ-да ашылып, қазіргі таңда саны төрт жүзден асып жығылады. Басым көпшілігі АҚШ-да, және де Европа астаналарының барлығында бар деуге болады. Негізінен витринасыз, экспонаттарын ұстап көруге болатын бұл музейлер Париж, Лондон, Вена, т.б. жұмыстарын жүргізуде.

Қазіргі кезде қоғамның басты мәселелерінің бірі - жас буынды оқу-тәрбие барысында отансүйгіштікке, елін құрметтеуге

үйрету. Бұл бағытқа да музейлердің қосар үлесі елеулі. Орта ғасырлардан бастап кейбір еуропалық ағартушы ғалымдар өз еңбектерінде мұражайлардың білімдік-тәрбиелік маңызы мәселесіне тоқтала бастады. Чех педагог-гуманисті Я.А.Коменский XVII ғ. өз еңбегінде алғаш рет музей құндылықтарын педагогикалық көрнекі құрал ретінде көрсетеді. XIX ғ. Батыс Европа елдерінде музейлерде оқушыларды ғылыми-техникалық және көркемдікке оқыту мен тәрбиелеу бойынша бірлескен жұмысты қамтамасыз ету үшін мектеп мұғалімдерімен өзара қатынас қызметтері құрылды. Кеңес Одағында, атап айтқанда біздің елімізде музей педагогикасы 70 жж. басынан айналымға енді [2, б. 56-57].

Ал бастама ретінде алғашында мектеп музейлерін қарастыруға болады. Мектеп музейлері рухани-материалдық мәдениет пен білімнің ордаларының жарасымды үйлесім тапқан орнына жатқызуға болады. Бұл құрылымдар мектеп оқушыларын оқыту мен тәрбиелеуде тиімділігі артып, педагогикалық практикада кеңінен қолданылуда. Мектеп музейінің негізгі тұрақты қызмет көрсетуші буыны, басымдық беретін категориясы мектеп оқушылары. Музейлер оқушылар, түлектер, ата-аналардың, педагог-мұғалімдердің бастамасымен құрылады. Мұндай іс-шараға атсалысу бала бойына рухани-мәдени құндылықтарды дарытып, ерте жастан қалыптасуына бірден-бір себепкер болатынына ешкімнің күмәні болмас.

Кеңестік ғалым-педагогтер, одан қала берсе, жақын көршіміз, Ресей Федерациясының ғалымдары Т.А. Кудрина, Н.В. Шалахова, И.М. Косов, О.В. Лысиков, К.Г. Левыкин, Т.Ю. Юрнев, Л.М. Шляхтин өздерінің ғылыми-зерттеу еңбектерінде музей мен білім мекемелері арасындағы байланыс, музей педагогикасы, музей қызметі, типологиясы, мектеп музейлерінің теориясы мәселелерін қарастырған. 1985ж. Т.А.Кудринаның редакциялауымен жарық көрген «Музей және мектеп» атты еңбекте бірлескен авторлар жас ұрпаққа патриоттық, интернационалистік, эстетикалық, адамгершілік, азаматтық тәрбие берудегі әр түрлі бағыт-

тағы музейлердің мүмкіндіктеріне тоқтала отырып, мектеп пен музей арасындағы байланыс, мектеп музейлерін құрудың шарттары, олардың оқу-тәрбие үрдісіндегі ролі туралы қарастырылған. Алыстан жаңалық іздемей, өзіміздің тарихымыздағы осы еңбектерді біз бүгінгі таңда дамытып отырған бағытымызға арқау қылсақ артық етпес.

Мектепте музей құрудағы ең басты мақсат оқушылардың туған өлкенің тарихы мен мәдениетіне қызығушылығын арттыру, шығармашылық бейімділіктеріне қолдау көрсету, аға ұрпақ бойындағы адамгершілік құндылықтарына құрметпен қарау, рухани-мәдени құндылықтарды бойына сіңіру. Музей материалдары мектеп мұғалімдері үшін де тәрбие сағаттары, тарихи кештерді жүргізу, сабақ үрдісінде пайдалануда таптырмас құрал болары рас, сондықтан да орта мектептерде батырлар, елеулі еңбек

еткен отандастарымызға, Ұлы Отан және Ауған соғыстарының ардагерлеріне, мектеп түлектеріне арналған музейлердің болуы орынды.

Соңғы жылдары өсіп келе жатқан ұрпаққа туған жерінің, халқының тарихын тереңдете оқыту ерекше орын алып келеді. Республикамызда мыңнан астам мектеп музейлері құрылған болса, екі жүзге жуығы Шығыс Қазақстан облысының мектептерінде өз жұмысын жасауда.

Облыс орталығы мен аудандардағы мектептер, оқу орындар жанында құрылған бұл қоғамдық негіздегі мұражайлар – келешек жас ұрпаққа оқу-білім, адамгершілік, эстетикалық тәрбие беретін, сонымен қатар қазақ халқының тарихын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, тұрмысын, тағы да басқа ұлтымыздың мұраларынан айырылып қалмауға септігін тигізетін рухани-мәдени орынға айналып отырғаны сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Неменский Б.М., Горяева Н.А., Неменская Л.А. и др. *Изобразительное искусство и художественный труд. Программы общеобразовательных учреждений. 1–9 классы / Под ред. Неменского Б.М. 3-е изд. М.: Просвещение, 2008. 141 с.*
2. Оспанова Ә. *Мектеп және мұражай педагогикасы // Қазақ тарихы. – 2009. – №1.*

«АДАМ БОЛ!» ҰСТАНЫМЫ – ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІҢ БАСТЫ ҚАҒИДАСЫ РЕТІНДЕ

А. Бақыт

«ӨРЛЕУ» БАҒО» АҚ-ның филиалы Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты, Қызылорда қ.

Аннотация. Мақалада Абай дүниетанымындағы адам мен адамгершілік мәселелеріне әлеуметтік-философиялық талдау жасалып, қазіргі заманғы білім беру жүйесінің негізгі мақсаты – интеллектуалды және рухани дамыған тұлға тәрбиелеу үшін «Адам бол!» ұстанымын білім берудің басты қағидасына айналдырудың маңыздылығы жан-жақты қарастырылады.

Аннотация. В статье представлен социально-философский анализ мировоззрения Абая по вопросам человека и нравственности. Также всесторонне рассматривается значимость принципа «Будь человеком!», который должен стать главным в образовании для достижения основной цели современного образования – воспитания интеллектуально и духовно развитой личности.

Abstract. In article was presented the social and philosophical analysis of outlook of Abay concerning people and morality. Also comprehensively the importance of the Being a Person, trailer which has to become the main thing in education for achievement of a main objective of modern education – intellectually and spiritually developed education, personality is also considered.

Тірек сөздер: Абай дүниетанымы, адамгершілік, рухани дамыған тұлға, білім беру, тәрбие.

Ключевые слова: мировоззрение Абая, нравственность, духовно развитая личность, образование, воспитание.

Keywords: Abay concerning, morality, personal development, education.

Қай заман болмасын ұлттың құндылығы – оның тәрбиесінде. Қазақ халқы өз ұрпағын жақсы адам, абзал азамат етіп тәрбиелеуге ұмтылған дана халық. ХХІ ғасырда өмір сүріп жатқан Қазақстан күрделі тарихи бетбұрыстар мен қоғамдық жаңартулар тұсында дамып келеді. Бұл кезеңде рухани-адамгершілік дамудың жаңа бағытын айқындау өзекті болып отыр. Сондықтан бүгінгі таңда барлық әлемде, сонымен қатар біздің елімізде де жеке тұлға дамуына қатысты жаңаша көзқарас қалыптасуда.

Ғасырлар бойы ата-бабамыз армандаған тәуелсіздікке қол жеткізген еліміздің білім мен тәрбие ісіндегі басты мақсаты – жан дүниесі рухани-адамгершілік құндылықтарға бай жеке тұлғаны кемелдендіру. Ендеше елдің ұлтжанды азаматын тәрбиелеймін деген ұстаз ұлттық мәдениетпен, тарихи, мәдени мәліметтермен және құнды ата-баба мұрасымен қарулануы керек. Өзінен бұрын өмір сүрген даналарға

кейінгі толқын ұрпақтың қайта айналып соғып, жоғын іздеп, барын түгендейтіні белгілі. Іздену нәтижесінде біздің ұлы тұлғаларымыздың мұралары мен идеялары бүгінгі күнге жетіп отыр.

Ұлы Абай адам мәселесін, оның табиғи және әлеуметтік жақтарының арақатынасын, адамгершілік, кемелдену, гуманизм идеяларын өзгеше пайымдайтын сананы тудырды. Ұлы ойшылдың жарық дүниеге келген адам баласының маңдайына жазылған тағдыры жайлы, оның дүниеден алатын орны мен рөлі жайлы философиялық пайымдаулары адамды түзу жолға бастайды. Тұлғаның рухани-адамгершілік құндылықтарын, адамның адами қасиетінің дамуын негізге алып, келер ұрпаққа бір сөзбен “Адам бол!” деген ойынан нағыз адам болу үшін тек қана өзіңді тану арқылы сыртқы мәдениетке, тілге, дінге мән бере отырып дамуға, сол арқылы адамгершіліктің негізгі қағидалары – қайырымдылық, биік талғам, шындық,

әділдік негіздерін қабылдауға итермелейді. Сонымен бірге, «Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оған өз замандастарының бәрі кінәлі» деп рухани-адамгершілік құндылықтарды жарыққа шығарудағы қарым-қатынастың маңызын суреттесе, өзінің отыз жетінші сөзінде «Мен заң қуаты қолымда бар кісі болсам, «адам мінезін түзеп болмайды» деген кісінің тілін кесер едім», сонымен қатар, «Адам баласы бір-бірінен ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады» деп рухани-адамгершілік құндылықтардың мәдени-этикалық мәнін ашып көрсетеді [1]. Тағы бір сөзінде Хакім Абай «Шынайы байлық – бұл адамдардың бір-бірін және өзін терең түсінуі, өзара түсіністік қалыптасқанда ғана адамдар үйлесімді тіршілік құрып, дами бастайды» деп адам бойындағы ең жоғары құндылықтар бұл олардың ішкі рухани дүниесінің байлығы мен асыл қасиеттерін көрсете білу екендігін дәлелдейді.

Адамның тұлға ретінде қалыптасуындағы өскен ортаның, тәрбиенің рөліне үлкен мән бере отырып, ұлы ойшыл әркімнің өзін-өзі тәрбиелеуіне айрықша назар аударды. «Атымды адам қойғасын, қайтіп надан болайын» деген Абай. Шындығында қайда болса да, қайда жүрсе де пенденің адамдық қасиеттерді сақтауы арқылы ғана басқалардың құрметіне ие болары анық. Бұл – тәрбие деген құдіреттің басты жемісі. Қандай жан болмасын ісімен сүйкімді, қылығымен көрікті. Адамды ой түзейді. Ойың таза болса, жолың да таза, жан дүниеңде таза. Ол үшін Абай айтқандай басты үш қасиет: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек қажет. Бұл үшеуі тәрбие арқылы қалыптасады.

Соңғы жылдары балалардың мінезінде қатігездік, бойкүйездік, рухани құндылықтарға деген немқұрайлылық, енжарлылық сияқты дерттер ендеп алғандығы жасырын емес. Сол себепті, бүкіл әлем рухани құндылықтарға негізделген жаңа білім беру жүйесін іздестіруде. Мәселен, Жапонияда білім беру жүйесінде адамгершілігі жоғары тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған мораль курсы бар. Францияда көркем-өнер арқылы тәрбиелеу тұжырымдамасы

іске асырылып келеді. Литваның мектептеріндегі оқу жоспарларына рухани білім беру курсы негізгі пән ретінде енгізілген. Ал финдерде адамгершілік қарым-қатынаспен рухани даму, қоғамдық байланыспен адамзаттық этика сабақтары оқытылады [2].

«Адам болып қалу» тақырыбын В.Сухомлинскийдің сыни тұрғыдан ойландыратын әңгімесін мысал ретінде алсақ:

Үлкен қаланың кішкентай ауруханасында қара шашты және сары шашты екі ана жатты. Олардың бір күнде ұлдары дүниеге келіп, өте бақытты еді. Олар балаларының болашағы туралы армандады. Сары шашты ана өз баласының әйгілі сазгер немесе жазушы, мүсінші немесе инженер болғанын армандады. Қара шашты ана өз баласының қайырымды адам болғанын, ешқашан анасын, өз үйін ұмытпағанын, Отанын, табиғатты, адамдарды сүйгенін қалайтынын айтты. Отыз жыл өтті. Қаланың шетіндегі кішкентай емханада қара шашты және ақ шашты ана тағы кездесті. Олардың шаштарына ақ түсіп, беттерін әжім басқан еді. Олар бір-бірін таныды. Олар бір палатаға түсіп, өз өмірлері туралы, қуанышы мен қайғысы туралы айтты. Қайғылары – екеуінің де күйеуі Ұлы Отан соғысында қаза тапқан, қуаныштары – ұлдары қастарында. Қара шашты ана сұрады:

- Сенің ұлың кім болды?

- Атақты сазгер, - деп мақтанышпен айтты.

Сары шашты ана:

- Ол қазір оркестрді басқарады, дирижер, қаладағы ең үлкен театрда, шынымен менің ұлымды білмейсің бе? – деді.

Әрине, Қара шашты ана белгілі сазгерді жақсы білетін еді, үлкен табыстары жөнінде жақында ғана оқыған-ды.

- Ал, сенің ұлың қайда, кім болды? - деп сұрады сары шашты ана.

- Егінші. Колхозда тракторист, комбайнер, фермада да жұмыс істейді, - дейді Қара шашты ана. Көктемнен күзге дейін, қар түскенше менің ұлым егін салады, егін жинайды, жер жыртады, сөйтіп отбасын асырайды. Біз ауылда тұрамыз. Оның екі баласы бар, қызы және ұлы.

- Сонда да сені бақыт айналып өткен екен, сенің ұлың ешкімге белгісіз, қарапайым адам болыпты, - дейді Сары шашты ана. Қара шашты ана жауап қайтармады. Бір күн өтпей жатып Қара шашты ананың баласы алыстағы ауылдан келді. Анасымен сыбырласып ұзақ сөйлесті. Қара шашты ананың көзі қуаныштан нұр шашты. Ұлы кетіп бара жатып, үстелге жүзім, бал, алма қойып, «тез жазылыңыз», - деп анасының бетінен сүйіп қоштасты. Ал Сары шашты анаға ешкім келген жоқ.

- Менің балам қазір концерт қойып жүр. Әйтпесе, келер еді, - деді ол. Қара шашты ананың баласы күн сайын бал, алма, қарбыз, өз қолымен өсірген бидайдан пісірілген хош иісті нан әкеліп, келіп тұрды.

Қара шашты ана баласы келген сайын қуаныштан жазылып келе жатқандай еді. Сары шашты анаға ақыры ешкім келген жоқ. Бір ай өтті. Дәрігерлер Қара шашты анаға: «Сіз толықтай сап-сау адамсыз, жүрегіңізде шу жоқ, соғысы таза», - деді. Сары шашты анаға «Сізге әлі де жату керек. Сіз де жазыласыз», - деді. Осыны айтып, дәрігер терезеге қарады (неге екені белгісіз). Қара шашты ананы алып кетуге ұлы келді. Бірнеше қызыл раушан гүлдерін барлық дәрігерлерге үлестірді. Бәрінің жүзінде күлкі пайда болды. Қара шашты анамен қоштасарда Сары шашты ана:

- Қымбаттым, сен өз ұлыңды қалай тәрбиелегеніңді айтшы? Сен бақытты екенсің, ал мен... - деп көз жасын төгіп жіберді.

- Мен саған шындықты айтайын, - деді Қара шашты ана.

- Сенің ұлыңмен бір күнде туған ұлым қайтыс болған, ал мына балам - асырап алған ұлым! Мен оны үш жасынан асырап алдым. Осы күндері менің қалай қиналғанымды білсең ғой, сен үшін тіпті ауруханадан кеткім келген еді, менің ұлымның әр келгені саған уайым, қобалжу әкелді ғой.

- Мен адамды жүрегіммен сеземін, ұлыма осыны үйреттім [3].

«Адам болып қалу» ұстанымының қазіргі заманғы тәрбие беру ісінде басты мәселе екендігін жоғарыдағы тәмсіл дәлелдесе керек.

Әлемдік қауымдастықтың заманауи даму кезеңінде адамзат факторын жандандыру әлемдік прогрестің бір шарты ретінде талап етіледі.

Бүгінгі білім берудің мақсаты – дүниетанымы кең, интеллектісі дамыған, білім деңгейі жоғары индивид ғана емес, сонымен қатар, көп жағдайда қоғамның болашақ зияткерлік, саяси, мәдени деңгейінің дамуымен байланысты рухани дамыған тұлға қалыптастыру. Заман талабына сай білім беру жүйесі өзінің басым бағдарын жеке тұлғаны рухани-адамгершілік тұрғыдан кемелдендіруге аудара бастады. Баланың бойында дер кезінде адамгершілік қасиеттері қалыптаспаса, бұл қасиеттер оның дамуына тек кедергі болып қана қоймай, сонымен қатар жасөспірімдік шақта әлеуметке қарсы мінез-құлықтың пайда болуына әсерін тигізеді. Тәрбиенің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ұжданы мол, еңбекқор, бойында басқа да игі қасиеттері қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру - ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті.

Әңгіме түйінін ақын Ербол Төлегенұлының «Адам болып қалу ғой бар арманым» өлең жолдарымен аяқтағымыз келеді:

*Мен адаммын, адам боп жаралғанмын
Анамның ақ сүтінен нәр алғанмын.
Заман мейлі өзгеріп кетсе дағы
Адам болып қалу ғой бар арманым.
Мен адаммын құдайдың пендесімін
Мәртебесін пенденің келді өсіргім.
Алса дағы жағамнан үндемедім
Ол кешірмей тұрса да мен кешірдім.
Мен адаммын өзімше қазынамын
Көбін беріп өзіме азын алдым.
Қазір жүрсем ешкімге керексіз боп
Уақыт келе тарих боп жазылармын.
Мен адаммын өмірді ұнатамын
Қолдан келсе жасықты жұбатамын.
Өмір деген тәтті ғой сондықтан да
Азабына жанымды шыдатамын.
Мен адаммын мәртебем биік менің
Жаны бардың бәрінен биіктемін.*

Қасиеттің барлығын бойға берген
Сондықтан да құдайды сүйіп келдім.
Мен адаммын жанымды түсін менің
Болмас іске нарқымды түсірмегін.
Сыртым аян болғанмен білмейсің ғой
Сезбейсің ғой сен менің ішімдегін.
Мен адаммын, адам боп қалсам деймін

Ғасыр жасап ғасырға барсам деймін.
Арманымның шыңына шықсам болды
Шығармай орта жолда алсаң мейлің.
Мен адаммын, адам боп қала берем
Жаныма жолдас еткен қара өлең.
Мені қойшы өлеңге тие көрме
Өлеңсіз мен қайғырып арам өлем[4].

Әдебиеттер тізімі:

1. Ерғалиева Г.А., Мұханбетжанова Ә.М. «Өзін-өзі тану ілімінің педагогикалық тарихи даму аспектілері», М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің баспа орталығы, Орал, 2005.
2. Қазақстан Республикасында тұлғаның рухани-адамгершілік тәрбиесін дамыту стратегиясы: респ. ғыл.-практ. конф. материалдары. – Астана, 29 қараша, 2013ж.
3. <http://bilimtime.kz/kembridzh-badarlamasy/934-syn-trysynan-oylaua-yretud-timd-tsllder.html>
4. <http://meta.kz/685970-adam-bolyp-alu-oy-bar-armanym.html>

СТУДЕНТЕРГЕ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК БІЛІМ БЕРУДЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

Л. Мұратбек

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

Аңдатпа. Мақалада студенттерге рухани-адамгершілік білім беруде психологиялық қолдау көрсету мәселесі жан-жақты қарастырылған. Психологиялық қызмет көрсетудің кезеңдері, мақсат, міндеттері және оны шешу жолдары сипатталған.

Аннотация. В статье всесторонне рассматривается вопрос психологической поддержки студентов в процессе духовно-нравственного воспитания. Описаны этапы психологических услуг, цели, задачи и способы ее решения.

Abstract. This article comprehensively discusses the matter of psychological support to students in the process of spiritual and moral education. The stages of psychological services, goals, objectives and ways of their solutions are described.

Тірек сөздер: психологиялық қызмет, психологиялық кеңес, рухани-адамгершілік тәрбие.

Ключевые слова: психологические услуги, психологический совет, духовно-нравственное воспитание.

Keywords: psychological services, psychological advice, spiritual and moral education..

Бүгінгі таңда рухани құндылықтар қоғам талабына сай өзгерістерге ұшырап, адамдардың арасында ізгілік, әділдік, өзара көмек, төзімділік сияқты қарым-қатынастар орнатуына ықпал ететін құндылықтар мен әр жеке тұлғаның шығармашылық мүмкіндіктерінің ашылуы және оларды жүзеге асыруға түрткі болатын құндылықтарды зерттеу көкейкесті мәселелердің бірі болып отыр. Осы орайда, қоғамдық мұраттар мен адамдардың тәлімдік үдерістері өзгерді, сондықтан да білім мазмұнын түбегейлі жаңғырту, әдістерді жаңарту жас ұрпаққа тәрбие мен білім беру технологияларын жетілдіру қажеттілігі туындауда.

Болашақта ел тұтқасын ұстар азаматтардың өнегелі тәрбиесі – бүгінгі күн тәртібінде тұрған маңызды мәселелердің бірі. Олардың отансүйгіштік сезімін, білім мен біліктілігін, дағдысы мен шеберлігін, асқақ адамшылық және адамгершілік қадір-қасиеттерін, жаңа дүниетанымдық көзқарастарын, салауаттылық дағдыларын, ұнамды мінез-құлық нормаларын рухани-адамгершілік құндылықтар арқылы қалыптастыру – үлкен қажеттілік екенді-

гі ел президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2030» жолдауында жан-жақты негізделген [1].

Қай заманда болмасын, сол қоғамға сай азаматты тәрбиелеудің бірден-бір жолы адамның рухани байлығын арттыру болмақ. Қазіргі уақытта қала жастары ғана емес, берекелі ауыл мен ақ көңіл, жайдары, ойлары таза, рухани құндылығы мен адамгершілігі жоғары, тәрбиелі ауыл адамдары да өзгерген. Мысалы, адам айтса нанғысыз аурулардың көбеюі, адамгершілік қасиеттеріміздің жүдеу тартуы, кісі өлтіру, үй тонау, маскүнемдік пен нашақорлық, жезөкшелік сияқты жат қылықтармен қатар мейірімсіз, қатігез жастар ауылдан да орын алады. Ендеше, жас ұрпақтың осындай күйге түспеуіне, олардың рухани бай, адамгершілігі мықты, бір-бірімен достық қарым-қатынаста өмір сүруіне жағдай жасау кезек күттірмейтін мәселе екені анық. Өкінішке орай бүгінгі таңда жастар арасындағы келеңсіздіктер рухани-адамгершілік білім беру деңгейінің төмендеуінен деп есептейміз.

Психолог ғалымдар Г.С. Абрамова, Ю.Е. Алешина, А.А. Бодалев, Г.В. Бурменская, И.В. Дубровина, В.Н. Карандашев, А.Г. Лидерс, Е.И. Рогов, В.В. Столин кеңестік дәуірдегі және одан кейінгі уақыттағы психологиялық қолдау көрсету, психологиялық қызметтің, соның ішінде психологиялық кеңес берудің мазмұнын анықтап берді.

Жоғары оқу орнында психологиялық қызметті қалай жүргізуге болатындығы, студенттердің жеке басын қалыптастыруда психологиялық кеңес берудің маңыздылығы туралы зерттеулерді О.М. Анисимова, Н.М. Владимирова, М.Д. Дворяшина, М.В. Зюзько, Н.С. Копейна, Б.Б. Коссов, Н.Н. Обозовтардың еңбектерінен кездестіре аламыз. Қазақстанда осы мәселемен айналысып жүрген Т.А. Абдрашитова (психологиялық кеңес беруді психологиялық белсенді заттарға тәуелді адамдарға қолдану), А.Р. Ерментаева (психологиялық тәжірибенің студенттің субъект-бағдарлы дамуына ықпалы), Ж.И. Намазбаева, И.А. Әбеуова (психологиялық қызметінің түрлі аспектілерін зерттеген), Е.Г. Ким (оқытуда эриксондық гипнозды қолдану) және т.б. бірқатар зерттеушілерді атап өтуге болады [2].

Психологиялық қолдау көрстеу туралы ғылыми зерттеулер мен тәжірибелерді талдай келе, психологиялық тәжірибенің бұл қызметі арқылы психикалық дамуы қалыпты жағдайдағы студенттерге рухани-адамгершілік білім беруде олардың өзін-өзі тану, бағалау және дамыту мүмкіндіктерін пайдалана отырып, басқалармен қарым-қатынасын, өзара әрекетін, оған қажетті тұлғалық сапаларын қалыптастыру сияқты адамның өмір сүруі үшін аса қажетті мәселелерін шешу іске асырылады. Психологиялық қолдауды қабылдай отырып, адам өз бойындағы ерекшеліктері мен потенциалдық мүмкіндіктерін аңғарады. Сондықтан психологиялық қолдау көрсетудің жастық кезеңдегі (нақтырақ: студенттік) рөлі зор. Дәл осы уақытта болашақ жас маман жаңа, жеке-дара өмір жолын бастаудың көп сырлы тоғысында тұрады.

Осындай кезеңдерде психологиялық кеңес беру – оқу-тәрбие үдерісінде немесе жеке басында туындағын кейбір қиян-

дықтар мен кездейсоқ жағдайларды, басқа да проблемаларды шешуге көмектесу болып табылады. Кеңес беру жұмысында психологтың іскерлік, дағдысын дамыту мен бірге бұл арнайы дайындықты талап етеді. Психологиялық ағартудың ең бір көп тараған түрі психологиялық консультация (кеңес беру). Яғни, психолог консультациялық іс-әрекетті бағдар беру, ағартуды, сабақтарда жүзеге асыру. Бұл маманның клиентке кеңесі, нақты бір мәселеге қатысты жиналыс, нақты бір жағдайдағы адамның мінез-құлқы бойынша пікірін білдіру деп түсіндіріледі. Психологиялық кеңес берудің негізгі кезеңдері:

Кеңес берудің алғашқы кезеңі. Мақсаты – психологиялық контакт орнату, клиентпен кеңесші арасындағы психологиялық контакттың қорытындысы. Кезеңнің негізгі мазмұны: клиентті қабылдау, танысу, клиент туралы алғашқы мәліметтерді жинау, келісім-шарт қорытындылау (мақсаты, әдістерді, ұзақтығын, кеңес берудің бағасын, жауапкершілікті болу, клиенттің құқықтары туралы және міндеті туралы мәлімет беру, талқылау, конфиденциалдық сұрақтарын және оның шегі туралы талқылау).

Клиентті сұрау кезеңі. Кезеңнің мақсаты – раппорт (өзара жағымды) орнату және мәселесін, мағынасын анықтау. Белсенді тыңдау техникасы – вербалды және вербалды емес компоненттері. Қайталау (парафраз) және үзіліс. Клиенттің мәселесінің мағынасын анықтау. Мәселелердің түрлері: орталық мәселе, мәселе-қорғаныс, терең мәселе. Мәселе кеңесші мен клиенттің біріккен іс-әрекетінің нәтижесі ретінде. Келісім-шарт жасау. Кеңесші пайдаланатын негізгі тәсілдер: тікелей сұрақтар, рефлексивті емес және белсенді тыңдау, эмпатикалы түсіну, клиентті вербалды және вербалды емес тұрғыда жігерлендіру. Кезеңдік (подэтап) нәтижесі – консультативті болжамдарды қалыптастыру және раппортты орналастыру.

Жұмыс кезеңі. Психологиялық әсер ету. Мақсаты: клиентпен психологиялық қиыншылықтарды түсіну, жеңіп шығу жетістіктері. Кезеңнің негізгі мазмұны: клиенттің психологиялық қиыншылықтарды жеңіп

шығуына көмектесу үшін әр түрлі психотехникалық тәсілдерді қолдану. Қарсыласу мен трансфермен жұмыс істеу. Қарсыласу түсінігі. Клиенттік қарсыласумен сәтті жұмыс істеу шарты ретінде даярлығы. Қарсыласумен жұмыс істегендегі нәтиже. Позитивті және негативті контртрансфер. Трансфермен жұмыс істеудегі тиімділік. Контртрансфермен жұмыс істеу. 1referat.kz

Қорытынды кезең. Трансферден шығу және суверенитетті алу. Кеңес беруден кейін жүріс-тұрысты қадағалау. Осы кезеңдегі жұмыстың негізгі принциптері.

Психологиялық кеңес және оны ұйымдастыру

Психологиялық кеңес дегеніміз рухани жағынан көмекке мұқтаж адамдарға ақыл-кеңес беру, жол көрсету. Психологиялық кеңес арнайы жабдықталған орында, бөгде адамдардан оңашаланған жерде өткізіледі, кеңесті өткізуге арнайы уақыт белгіленеді.

Психологтың кеңес алушымен алғашқы кездесу кезіндегі әңгімесі.

10 минуттан 2 сағатқа дейін созылуы мүмкін. Кеңес алушы адам психологқа өзі туралы, өзін мазалап жүрген мәселесі туралы толық айтуы керек. Психолог зейін қоя тыңдайды. Психологиялық кеңес адамдарға психологиялық көмек берудің ең күрделі түрі. Кеңес алушы адамға өз проблемасын психологтың көмегінсіз шеше алатындай болғанға дейін беріледі. Психологиялық кеңес:

1. Туындаған мәселенің күрделілігіне байланысты 1-2 рет немесе оданда да көп кеңес берілуі мүмкін.

2. Кеңес алушының бір ғана мәселесі емес жеке жеке кеңесті талап ететін бірнеше мәселелері болуы мүмкін.

3. Мәселе бірден шешілуі мүмкін. Тек ғана кеңес алушыға қосымша қолдау, қолпаштау, ерік, жігер қажет болған жағдайда психологиялық кеңес қысқа уақыт мерзімді қамтиды.

Психологиялық кеңестің мақсаты мен міндеттері:

Кеңес алушының туындаған мәселесін тез арада шешуге көмек жасау. Мәселен, бала мәселесіне байланысты ата-ананың ренжісіп қалуы, екі адамның бір - біріне

ренжіуі т.б.

Бір мәселе қайталана берсе, онда кеңес алушыны психопрофилактикаға шақыру қажет. Мұнда шешімін таба алмай жүрген мәселелерді өздері шешуге талпынады. Адамдардың психологиялық білімдерін жетілдіру үшін пайдалы психологиялық кеңестер беріп отыру керек.

Кеңес алушы бірден табысқа жетпейі мүмкін, бірнеше рет кеңес алудың нәтижесінде қол жеткізетіндігін түсіндіру.

Кеңес алушының алғаш келген кездей ойы мен кеңес алғаннан кейінгі ойын салыстыру. Кейбір жағдайда психологтың ойы мен кеңес алушының ойы бір-бірімен сәйкес келіп жатады, ал кей кезде мүлдем алшақ болуы мүмкін. Кеңес алушының туындаған мәселесіне жеңіл қарамай, оған шын мән беріп шешу керектігіне көз жеткізу керек [2].

Психологиялық қызметте кеңес беру бағыты бойынша қызметкерлер нақты міндеттерді шешеді:

1. Оқу-тәрбие мекемелерінің әкімшілігіне, мұғалімдерге, тәрбиешілерге, ата-аналарға балаларды оқыту және тәрбиелеу және бірлесіп жұмыс істеу мәселесі бойынша кеңестер береді.

2. Балаларға оқу, жетілу, өмірлік және кәсіби өз-өзін анықтау, ересектермен және құрбыларымен өзара қарым-қатынас, өз-өзін тәрбиелеу және т.б. мәселелері бойынша жеке және топтық кеңес беріледі.

3. Жеке және топтық кеңес беру арқылы педагогикалық кеңестерге, әдістемелік бірлестіктерге, жалпы мектептік және кластық ата-аналар жиналысына қатысып, дәріс оқу арқылы педагогтардың, ата-аналардың, мастерлердің, қоғамдық өкілдердің психологиялық мәдениетінің жоғары-лауына септігін тигізеді.

4. Бала тағдырында мүмкін болатын өзгерістерді (арнайы оқу-тәрбие мекемелеріне жіберу, ата-ана құқығынан айыру, бала асырап алу ж.т.б.) анықтауға байланысты сәйкес инстанциялардан дұрыс шешім шығару мақсатында, халықтық соттың, қамқорлық көрсету ұйымдарының сұранысы бойынша баланың психикалық жағдайы, психикалық даму ерекшеліктері туралы

сұрақтар бойынша шешім қабылдаған кезде кеңесші-сарапшы ретінде кеңес береді.

5. Өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру сұрақтары бойынша нақты балалар мекемесіндегі тәрбиелеу жағдайларын балалардың жас ерекше-ліктеріне сәйкестендіріп, психологиялық ерекшеліктерінің негізінде оқу-тәрбие шараларын жоспарлауға кеңесші ретінде қатысады[2].

Енді "психологиялық қызмет" ұғымына сипаттама беріп өтсек. Психологиялық қызметтің бір мағыналы түсінігі жоқ. Жантану атауларының түсіндірме сөздігінде "Психологиялық қызмет – адамдарға мамандандырылған деңгейде психологиялық көмек көрсету үшін мекемелер мен ұйымдарда құрылған арнайы қызмет жүйесі" делінген. Дегенмен, психологиялық қызметтің алдына қойған міндеттері мен оларды шешу жолдарын көрсететін екі неғұрлым ортақ анықтамаларды ерекшелеп көрсетуге болады.

Біріншіден, психологиялық қызмет білім беру, денсаулық сақтау, өндіріс және т.с.с. психологиялық қамтамасыз ете отырып психологиялық қызмет көрсетудің ерекше аясын жасайды. Бұл білім беру, денсаулық сақтау, өндіріс, құқық қорғау, көлік және т.б. салалардағы психологиялық сараптама, диагностика, кеңес берудің кешенді міндеттерін шешу үшін психологиялық білімдерді практикалық қолдану болып табылады. Басқаша айтқанда, "психологиялық қызмет" деп бүкіл практикалық психологияның саласын көрсетеді.

Екіншіден, психологиялық қызмет деп түрлі әлеуметтік институттар мен ұй-

ымдарда білікті психологиялық көмек қажет ететін адамдарға арналған арнайы мекемелер жүйесін де атайды.

Жоғары оқу орнының психологиялық қызметі психологиялық диагностика (жеке және топтық), кеңес беру, психологиялық сауықтыру, психологиялық білімдерді насихаттау, студенттерді әлеуметтік-психологиялық бейімдеу, психологиялық мәдениет деңгейін көтеру, тренингтік сабақтар сияқты негізгі құрылымдық бірліктерді біріктіретін қызмет болып табылады. Егер онда "дөңгелек" үстелдерді ұйымдастыру, өзге жоғары оқу орындарының психологиялық қызметтерімен тәжірибе алмасу, түрлі әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру, оқытушыларға қатысты студенттермен, өзара тиімді қарым-қатынас жасауды машықтандыруға бағытталған коммуникативті тренингтер ұйымдастырылса, тақырыптық сұхбаттар жүргізілсе, ата-аналармен де тиісті жұмыстар ұйымдастырылса қызметтің тиімділігі арта түскен болар еді [3]

Ойымызды қорытындалай келе, студенттерге рухани-адамгершілік білім беруде психологиялық қызмет және қолдау көрсету арқылы өзара қарым-қатынас мәдениеті, бір-біріне деген ықылас-ниеттерінде, жағымды ойлау, сөйлеген сөзерінде, іс-әрекетінде де алғашқы келген кезеңдермен салыстырғанда бірқатар оң өзгерістер (бір-біріне деген ілтипат, көмек көрсету, мінезіндегі кейбір ерекшеліктерді жоюға тырысу, сөйлеу мәнері, отабасы мүшелерінің бір-бірімен дұрыс сөйлесуі, олардың түсіністік танытуы, жағымды ойлау т.б.) пайда болатындығына көз жеткіздік.

Әдебиеттер тізімі:

1. Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2030» жолдауы.
2. Абсатова Г.Қ. Жоғары оқу орындарында психологиялық қызметті ұйымдастыру. Қызылорда. 2013.
3. Мукажанова Р.А., Омарова Г.А. Методика преподавание дисциплины «Самопознание» в школе. Учебно-методическое пособие для учителей. Алматы, ННПООЦ «Бөбек», 2013.- 129 с.

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ КАДРЛАРДЫ АТТЕСТАЦИЯЛАУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘСІЛДЕМЕЛЕРІ

С.Т. Сеңкібаев, А.Т. Мұратбеков

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ.

Аңдатпа. Мақалада білім беру саласындағы кадрларды аттестациялаудың педагогикалық тәсілдемелері сипатталады. Кәсіби педагогтің педагог жеке тұлға және педагог кәсіпқой ретіндегі психологиялық-педагогикалық моделдері талқыланады. Сонымен қатар кәсіби педагогтің ерекше сипаттары да айтылып өтіледі.

Аннотация. В статье рассматриваются современные психолого-педагогические подходы к аттестации кадров в системе образования. Показаны роль и задачи педагогической модели педагога-профессионала. В статье также рассматриваются основные компоненты модели педагога-профессионала как «Педагог как личность» и «Педагог как профессионал».

Abstract. The article deals with the modern psychological and pedagogical approaches to the assessment of personell in the educational system. Showing the role and tasks of the pedagogical model of a professional teacher. The article also examines the main components of the model of a professional teacher:

1. The teacher as a person.
2. The teacher as a professional.

Тірек сөздер: педагог жеке тұлға ретінде, педагог кәсіпқой ретінде, кәсіби педагогтің психологиялық-педагогикалық моделі.

Ключевые слова: психолого-педагогические подходы, компоненты модели педагога-профессионала, педагог высокой квалификации.

Keywords: psychological and pedagogical approaches, the components of the model of a professional educator, highly qualified teacher.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «100 нақты қадам» - Қазақстан Республикасының дамыған мемлекеттердің отыздығына кіру жөніндегі жоспарында (79-қадам) «Білім беру жүйесінде – жоғары сыныптар мен ЖОО-ларда ағылшын тілінде оқытуға кезең-кезеңмен көшу. Басты мақсаты – даярланатын кадрлардың бәсекелестік қабілетін арттыру және білім беру секторының экспорттық әлеуетін көтеру» деп атап көрсетілген [1].

Бүгінгі заман талабына сай білім беру саласын реформалау уақыт күттірмейтін процесс болып табылады. Сонымен қатар, білім беру саласына оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін қолдану, педагог мамандардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету, жаңа инновациялық технологияларды білім беру процесіне енгізу, толықтай халықаралық талаптар мен нормаларға сәй-

кестендіру уақыттың талабы және сапалы білім берудің кепілі болып саналады.

Қазақстанда білім саласын реформалаудың негізгі мақсатының ерекше өзгешеліктері болып бүгінгі таңда заманауи демократиялық қоғамның басты құндылықтары сияқты стратегиялық білім беру жүйесінің мақсаты жеке тұлға жайлы пікірді жалпы адамзаттың гуманистік ой тұжырымын ескере отырып қалыптастыру саналады. Осыған байланысты білім берудің маңыздылығының мәні өзгереді. Ол өзінің қоршаған ортамен қарым-қатынасын ақиқат шындықпен үйлестіре алатын және шынайы құндылықты жасай алатын, оларды жүзеге асыра алатын адамның жеке тұлғалығын жан-жақты дамытуға бағдарланған.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2013 жылғы 7 тамыз-

БЛ-линзаның сфералық шекарасында е-толқын ее- және ео- поляризациялары ортогоналды толқындарға түрленеді. Олардың БЛ линзаның II бөлігіндегі траекториясын анықтау күрделі. Алайда, [1] жұмыста келтірілген формуланы ескерсек, жеңіл есептелінеді. Бұл өрнекте сынған толқындардың толқындық векторларын анықтау көрсетілген.

(6) өрнекке сәйкес алатынымыз:

$$\vec{K}_2 = \frac{\delta}{2} \frac{(\vec{k}_1 \vec{a}_2)^2 - (\vec{k}_1 \vec{a}_1)^2}{n_1 k_1} \vec{n}_1 + [1 - \delta((\vec{k}_1 \vec{a}_2)^2 - (\vec{k}_1 \vec{a}_1)^2)] \vec{k}_1 \quad (7)$$

Сфералық шекарадағы M_2^e нүктесінде тұрғызылған және (1), (6) сфералық бет теңдеулерінен алынған нормаль келесі түрде болады:

$$\vec{n}_1^e = \left\{ \frac{\left[z_0 + \frac{R - \sigma}{n_e} (1 - \delta) \right]}{R} \alpha_0 \cos \varphi_0; \frac{\left[z_0 + \frac{R - \sigma}{n_e} (1 - \delta) \right]}{R} \alpha_0 \sin \varphi_0; 1 \right\} \quad (8)$$

(8) өрнекті (1) өрнекке қойсақ \vec{K}_2^{ee} векторын есептеуге болады:

$$\vec{K}_2^{ee} = \left\{ \left[1 - \frac{\delta}{2} \left(\frac{z_e}{R} n_e - \frac{\sigma}{R} \right) \right] \frac{\alpha_0 \cos \varphi_0}{n_e}; \left[1 - \frac{\delta}{2} \left(\frac{z_e}{R} n_e - \frac{\sigma}{R} \right) \right] \frac{\alpha_0 \sin \varphi_0}{n_e}; 1 \right\} \quad (9)$$

\vec{S}_2 сәулелік вектор келесі түрде жазылады:

$$\vec{S}_2 = \left\{ \left[1 - \frac{\delta}{2} \left(\frac{z_e}{R} n_e - \frac{\sigma}{R} - 1 \right) \right] \frac{\alpha_0 \cos \varphi_0}{n_e}; \left[1 - \frac{\delta}{2} \left(\frac{z_e}{R} n_e - \frac{\sigma}{R} + 1 \right) \right] \frac{\alpha_0 \sin \varphi_0}{n_e}; 1 \right\} \quad (10)$$

(3) және (4) өрнектер M_2^{ee} және M_3^{ee} нүктелердің координаталарын анықтауға мүмкіндік береді:

$$M_3^{eo} = \left\{ \frac{\left[z_0 + 2 \frac{R - \sigma}{n_e} \left(1 - \frac{\delta}{2} \right) \right] \alpha_0 \cos \varphi_0; \left[z_0 + 2 \frac{R - \sigma}{n_e} \left(1 - \frac{\delta}{2} \right) \right] \alpha_0 \sin \varphi_0;}{2(R - \sigma)} \right\} \quad (11)$$

$$M_3^{es} = \left\{ \left[z_0 + 2 \frac{R - \sigma}{n_e} - \frac{\delta R - \sigma}{2 n_e} \left(\frac{z_e}{R} n_e - \frac{\sigma}{R} \right) \right] \alpha_0 \cos \varphi_0; \left[z_0 + 2 \frac{R - \sigma}{n_e} - \frac{\delta R - \sigma}{2 n_e} \left(\frac{z_e}{R} n_e - \frac{\sigma}{R} + 2 \right) \right] \alpha_0 \sin \varphi_0; 2(R - \sigma) \right\} \quad (12)$$

б) о-толқынның оо- және ое- толқындарға түрленуі. оо- және ое- сәулелердің траекториясын есептеу әдістемесі де жоғарыда келтіргендей. Есептеулердің соңғы нәтижесін келтіреміз:

$$\vec{K}_2^0 = \vec{K}_2^{00} = \left\{ \frac{\alpha_1 \cos \varphi_1}{n_0}; \frac{\alpha_1 \sin \varphi_1}{n_0}; 1 \right\} \quad (13)$$

$$\vec{K}_2^{oe} = \left\{ \left[1 - \frac{\delta}{2} \left(\frac{z_e}{R} n_e - \frac{\sigma}{R} + 1 \right) \right] \frac{\alpha_1 \cos \varphi_1}{n_e}; \left[1 - \frac{\delta}{2} \left(\frac{z_e}{R} n_e - \frac{\sigma}{R} + 1 \right) \right] \frac{\alpha_1 \sin \varphi_1}{n_e}; 1 \right\} \quad (14)$$

$$M_1^0 = \{ \alpha_1 z_0 \cos \varphi_1; \alpha_1 z_0 \sin \varphi_1; 0 \}$$

$$M_2^0 = \left\{ \left[z_0 + \frac{R - \sigma}{n_e} \left(1 - \frac{\delta}{2} \right) \right] \alpha_1 \cos \varphi_1; \left[z_0 + \frac{R - \sigma}{n_e} \left(1 - \frac{\delta}{2} \right) \right] \alpha_1 \sin \varphi_1; (R - \sigma) \right\} \quad (15)$$

$$M_3^{00} = \left\{ \left[z_0 + 2 \frac{R - \sigma}{n_e} \left(1 - \frac{\delta}{2} \right) \right] \alpha_1 \cos \varphi_1; \left[z_0 + 2 \frac{R - \sigma}{n_e} \left(1 - \frac{\delta}{2} \right) \right] \alpha_1 \sin \varphi_1; 2(R - \sigma) \right\}$$

$$M_3^{oe} = \left\{ \left[z_0 + 2 \frac{R - \sigma}{n_e} - \frac{\delta}{2} \frac{R - \sigma}{n_e} \left(\frac{z_e}{R} n_e - \frac{\sigma}{R} \right) \right] \alpha_1 \cos \varphi_1; \left[z_0 + 2 \frac{R - \sigma}{n_e} - \frac{\delta}{2} \frac{R - \sigma}{n_e} \left(\frac{z_e}{R} n_e - \frac{\sigma}{R} \right) \right] \alpha_1 \sin \varphi_1; 2(R - \sigma) \right\} \quad (16)$$

Енді БЛ линзаның шығысындағы интерференциялық суретті қарастырамыз. Жарық толқынының БЛ линзаның шығысындағы электр өрісіндегі кернеулігін (2-сурет) келесі түрде жазуға болады:

$$\vec{E}_1 = \vec{E}_1 + \vec{E}_0 = \vec{e}_R E \cos \varphi e^{ik_2^0 \vec{r}} + \vec{e}_\varphi E \sin \varphi e^{ik_2^0 \vec{r} + i\Delta l} \quad (17)$$

мұндағы Δl - о- және е- толқындардың жол айырымына сәйкес фазды ығысуы, $\vec{e}_\varphi R$ және φ бағыттарындағы орттар, E-түскен толқынның өрісінің кернеулігі.

Декартты координатта да,


$$\vec{e}_R = \vec{e}_x \cos \varphi + \vec{e}_y \sin \varphi; \vec{e}_\varphi = \vec{e}_x \sin \varphi + \vec{e}_y \cos \varphi; \quad (18)$$

мұндағы \vec{e}_x және \vec{e}_y - x және y остері бойындағы орттар. (18) өрнекті (17) өрнекке қойсақ алатынымыз

$$\vec{E}_1 = \vec{e}_x \left(\cos^2 \varphi e^{ik_2^0 \vec{r}} + \sin^2 \varphi e^{ik_2^0 \vec{r} + i\Delta l} \right) E^2 + \vec{e}_y \left(\sin \varphi \cos \varphi e^{ik_2^0 \vec{r}} - \sin \varphi \cos \varphi e^{ik_2^0 \vec{r} + i\Delta l} \right) E^2 \quad (19)$$

2-суретке сәйкес ee- және ое- толқындардың БЛ линзаның шығыс қабырғасындағы электр өрісінің кернеулігі x осінің бойымен бағытталған және (19) өрнекке сәйкес келесідей анықталады:

$$\vec{E}_{IX} = \vec{e}_x E e^{ik_2^{oe} \vec{r}} \left(\cos^2 \varphi + \sin^2 \varphi e^{i \left[(k_2^{oe} - k_2^{0e}) \vec{r} + \Delta l \right]} \right) \quad (20)$$



2-сурет. Шашырайтын лазер сәулесіндегі БЛ шығысындағы толқынның поляризациясы («анализаторсыз» интерференция режимі)

Толық өрістің интенсивтілігі келесі түрде жазылады:

$$I \sim |E_{IX}|^2 = |E|^2 \left| \cos^2 \varphi + \sin^2 \varphi e^{i[(\vec{k}_2^{o\theta} - \vec{k}_2^{e\theta})\vec{r} + \Delta l]} \right|^2 \quad (21)$$

Бұдан алатынымыз:

$$I \sim |E|^2 \left[1 - \sin^2 2\varphi \sin^2 \frac{\Delta L_1}{2} \right] \quad (22)$$

мұндағы,

$$\Delta L_1 = (\vec{k}_2^{o\theta} - \vec{k}_2^{e\theta})\vec{r} + \Delta l$$

(22) өрнектен көретініміз $\varphi=0$ және $\varphi = \frac{\pi}{2}$ бұрыштар мәнінде жарық жолақ пайда болады.

$$\varphi = \frac{\pi}{4} \text{ болғанда (22) өрнектен алатынымыз: } I \sim |E|^2 \left[1 - \sin^2 \frac{\Delta L_1}{2} \right] \quad (23)$$

Интерференцияның максимумдер шарты келесі түрде жазылады:

$$\frac{\Delta L_1}{2} = \pi s \quad (24)$$

мұндағы, $s = 0; \pm 1; \pm 2; \pm 3$

oo - және eo - толқындардың электр өрісінің кернеулігінің векторы y осі бойымен бағытталған және (19) өрнекке сәйкес алатынымыз:

$$\vec{E}_{1y} = \vec{e}_y E \sin \varphi \cos \varphi e^{i\vec{k}_2^{e\theta}\vec{r}} \left[1 - e^{i[(\vec{k}_2^{o\theta} - \vec{k}_2^{e\theta})\vec{r} + \Delta l]} \right] \quad (25)$$

мұндағы $\Delta L'$ — oo - және eo - толқындардың жол айырымының нәтижесінде болатын фазды ығысу.

(25) өрнектен өріс интенсивтілігі келесі түрде жазылады:

$$I \sim E^2 \sin^2 2\varphi \sin^2 \frac{\Delta L_1}{2} \quad (26)$$

мұндағы,

$$\Delta L_2 = (\vec{k}_2^{e0} - \vec{k}_2^{o0})\vec{r} + \Delta l'$$

(26) өрнектен көретініміз $\Phi=0$ және $\varphi = \frac{\pi}{2}$ бұрыштар мәнінде қара жолақ пайда болады.

$\varphi = \frac{\pi}{4}$ жағдайда интерференциялық максимумдар шарты келесі түрде жазылады:

$$\frac{\Delta L_2}{2} = (S + \frac{1}{2})\pi \quad (27)$$

мұндағы, $s = 0; \pm 1; \pm 2;$

Интерференциялық суреттің максимум және минимум нүктелерінің геометриялық орындарын анықтау үшін $\varphi_0, \varphi, \alpha_0, \alpha$ бұрыштардың функционалды тәуелділігін табуымыз керек. Мәселенің мәні мынада: интерференцияның суреттің бақыланатын экранның берілген нүктесінде парциалды сәулелер БЛ линзаның кірісінде әр түрлі нүктелерге түседі. Экранда бұл сәулелердің сәйкес келу шарты қажетті тәуелділікті береді. Сонымен, e - және o - толқындар үшін алатынымыз

$$\begin{aligned} \tan \varphi_0 &= \frac{y_3^{ee}}{x_3^{oe}} \left[1 + \frac{\delta R - \sigma}{L n_e} \right] \\ \tan \varphi_1 &= \frac{y_3^{oe}}{x_3^{oe}} \left[1 + \frac{\delta R - \sigma}{L n_e} \right] \\ \alpha_0 &= \frac{x_2^{oe}}{L} \sqrt{1 + \tan^2 \varphi_0} \left[1 + \frac{\delta R - \sigma}{2L n_e} \left(\frac{z_0}{R} n_e - \frac{\sigma}{R} \right) \right] \\ \alpha_1 &= \frac{x_2^{oe}}{L} \sqrt{1 + \tan^2 \varphi_1} \left[1 + \frac{\delta R - \sigma}{2L n_e} \left(\frac{z_0}{R} n_e - \frac{\sigma}{R} \right) \right] \end{aligned} \quad (28)$$

мұндағы: $L = Z_0 + 2 \frac{R - \sigma}{n_e}$

(28) өрнекті ескере отырып, (9) және (14) өрнектерден алатынымыз:

$$\begin{aligned} \vec{k}_2^{ee} &= \left\{ \frac{x_3^{ee}}{L n_e} \left[1 + \frac{\delta [R - \sigma (\frac{z_0}{R} n_e - \frac{\sigma}{R}) - L (\frac{z_0}{R} n_e - \frac{\sigma}{R})]}{2L n_e} \right]; \right. \\ &\quad \left. \frac{y_3^{ee}}{L n_e} \left[1 + \frac{\delta [R - \sigma (\frac{z_0}{R} n_e - \frac{\sigma}{R} + 2) - L (\frac{z_0}{R} n_e - \frac{\sigma}{R})]}{2L n_e} \right]; 1 \right\} \\ \vec{k}_2^{oe} &= \left\{ \frac{x_3^{oe}}{L n_e} \left[1 + \frac{\delta [R - \sigma (\frac{z_0}{R} n_e - \frac{\sigma}{R}) - L (\frac{z_0}{R} n_e - \frac{\sigma}{R} + 1)]}{2L n_e} \right]; \right. \\ &\quad \left. \frac{y_3^{oe}}{L n_e} \left[1 + \frac{\delta [R - \sigma (\frac{z_0}{R} n_e - \frac{\sigma}{R} + 2) - L (\frac{z_0}{R} n_e - \frac{\sigma}{R} + 1)]}{2L n_e} \right]; 1 \right\} \end{aligned} \quad (29)$$

(30)

Интерференциялық максимумдар шартын (24) келесі түрде жазамыз:

$$(\vec{k}_{2x}^{oe} - \vec{k}_{2x}^{ee})x + (\vec{k}_{2y}^{oe} - \vec{k}_{2y}^{ee})y + \Delta = s\lambda \quad (31)$$

мұндағы, $\Delta - \text{БЛ} - 1$ линзаның шығысындағы oe - және ee - толқындардың жол айырымы. oo -, oe -, ee - және oe - толқындардың БЛ линзадағы оптикалық жолдары α^2 дәлдікпен өзара тең $Z = 2(R - \sigma)$, сондықтан БЛ шығысында жол айырымы нольге тең болады. Сонымен, (29) және (30) өрнектерді (31) өрнекке қойсақ, алатынымыз:

$$(x^2 + y^2) = s\lambda \frac{L}{\delta} \quad (32)$$

Сонымен, ee - және oe - толқындар БЛ шығысында $\varphi = \frac{\pi}{4}$ болғанда радиустері келесі өрнекпен анықталатын сақиналар түріндегі интерференциялық суретті береді

$$R = \sqrt{S\lambda \frac{L}{\delta}} \quad (S=1,2,3,\dots)$$

oo - және eo - толқындар үшін,

$$\begin{aligned} \tan \varphi_0 &= \frac{y_3^{eo}}{x_3^{eo}}; \quad \tan \varphi_1 = \frac{y_3^{oo}}{x_3^{oo}}; \\ \alpha_0 &= \frac{x_3^{eo}}{L} \sqrt{1 + \tan^2 \varphi_0} \left[1 + \frac{\delta}{L} \frac{R - \sigma}{n_e} \right]; \\ \alpha_1 &= \frac{x_3^{oo}}{L} \sqrt{1 + \tan^2 \varphi_1} \left[1 + \frac{\delta}{L} \frac{R - \sigma}{n_e} \right]; \end{aligned} \quad (33)$$

(33) өрнекті (1) және (13) өрнектерге қойсақ, алатынымыз:

$$\begin{aligned} \vec{k}_2^{oe} &= \left\{ \frac{x_3^{eo}}{Ln_e} \left[1 + \frac{\delta}{L} \frac{R - \sigma}{n_e} \right]; \frac{y_3^{eo}}{Ln_e} \left[1 + \frac{\delta}{L} \frac{R - \sigma}{n_e} \right]; 1 \right\} \\ \vec{k}_2^{oo} &= \left\{ \frac{x_3^{oo}}{Ln_e} \left[1 + \frac{\delta}{L} \frac{R - \sigma}{n_e} \right]; \frac{y_3^{oo}}{Ln_o} \left[1 + \frac{\delta}{L} \frac{R - \sigma}{n_e} \right]; 1 \right\} \end{aligned} \quad (34)$$


(34) ескере отырып, интерференциялық максимум шартынан (27) алатынымыз:

$$(x^2 + y^2) = (2s + 1) \frac{\lambda}{2} \frac{L}{\delta} \quad (35)$$


(35) өрнектен көретініміз oo - және eo - толқындар, сонымен бірге ee - және oe - толқындар $\varphi = \frac{\pi}{4}$ болғанда БЛ шығысында радиусы келесі өрнекпен анықталатын сақиналар түріндегі интерференциялық сурет береді:

$$R = \sqrt{2S + 1} \frac{\lambda}{2} \frac{L}{\delta} \quad (S=0;1;2;)$$

$$R = \sqrt{(2s + 1)} \frac{\lambda}{2} \frac{L}{\delta} \quad (s = 0,1, 2, \dots)$$



а.



б.

3- сурет

Қиылысатын лазер сәулесінде БЛ линзаның беретін интерференциялық кресттер (“анализаторсыз” интерференция режимі) а- $\vec{E} \parallel \vec{a}$ (ортасында жарық крест), б- $\vec{E} \perp \vec{a}$ (ортасында қара крест)

БЛ линзаның шығыс қабырғасынан L_1 қашықтықта орналасқан экранда бақылаған жағдайда (32) және (35) өрнектер келесі түрде жазылады:

$$(x^2 + y^2) = \frac{s\lambda}{\delta} \frac{(L+L_1)^2}{L} \quad (34)$$

$$(x^2 + y^2) = (2s + 1) \frac{\lambda}{2\delta} \frac{(L+L_1)^2}{L} \quad (35)$$

3-суретте көрсетілгендей БЛ линзаны 180° “y” осінің маңында бұратын болсақ жоғарыда айтылған интерференциялық суреттер сақталынады, бірақ тек анализатордың көмегімен ғана сақталады.

Нәтижесінде аз шама параметрі көмегімен есептелінген лазер сәулесінің БЛ-дан өту жолдары және алынған өрнектер тәжірибеде көрсетілген поляризациялық сәулелердің интерференциясын дәл сипаттай алады. Алынған интерференциялық суретті («крестер») нысананы дәлдеу мақсатында қолданылатын лазерлік көздегіш ретінде қолдануға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жұманов Қ.Б. Лазер жаңартқан оптика: оқу құралы.-Алматы, 1985
2. Бойко Г. Талшықты-оптикалық тарату жүйесі: оқу құралы. –Астана, 2005
3. Белисарова Ф. Жалпы физика курсы бойынша дәрістер: оқу құралы.-Алматы, 2009
4. Мәженов Н.А. Оптика: оқу қралы.-Қарағанды, 2004

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУДІҢ ТАНЫМДЫҚ БАҒДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІНІҢ КӨНЕ ГРЕКТІК АЛҒЫШАРТТАРЫ

А.Б. Каметова

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.

Аңдатпа. Мақалада ғылыми танымның бағдары мен әдістері туралы сөз қозғамастан бұрын, алдымен, мәселенің өзектілігі баяндалады. Ол, біріншіден, қазіргі ғылыми таным кеңістігін өрістету қажеттілігімен, екіншіден, қоғам мен табиғат арасындағы қайшылықтарды шешу қажеттігімен, үшіншіден, еліміздің ғылым мен білімге айрықша назар аударып, интеллектуальді ұлт қалыптастыруды қолға алуымен шартталатындығы айтылады. Ғылыми зерттеудің танымдық бағдары әлемді тану барысында, ақиқатқа жету жолындағы қызмет екендігі байыпталды. Сонымен қатар, ғылымға қарсы көзқарастарға да шолу жасалды.

Аннотация. В статье рассматривается актуальность проблема методов и направлений научного познания на основе древнегреческих источников. Это связано с необходимостью расширения сферы научного познания, а также с решением противоречий между обществом и природой. Мы обращаем особое внимание на науку и образование страны, как условие формирования интеллектуальной нации.

Abstract. This article is considered the relevance of problem of methods and the directions of scientific knowledge on the basis of Ancient Greek sources. It is connected with need of expansion of the sphere of scientific knowledge, and also with the solution of contradictions between society and the nature. We pay special attention to country science and education, as a condition of formation of the intellectual nation.

Тірек сөздер: ғылыми таным, ғылыми зерттеу, ғылым, ғылыми әдістер, сәйкестік, алғышарттар, бастау, негіз.

Ключевые слова: научное познание, научное исследование, научные методы, адекватность, предпосылки, начало, основа.

Keywords: scientific cognition, scientific research, scientific methods, adequacy, pre-conditions, beginning, basis.

Ғылым бүгінгі адамзат өркениетін қалыптастырып, оның алға қарай жылжуына келіп ықпалдасатын әлеуметтік институт. Ғылыми зерттеулер мен оның әдістерін қарастырудың маңызды тұстары бүгінгі таңда мынадай өзекті ахуалдар арқылы айшықталады.

Біріншіден, қазіргі адамзат өзінің даму бағдарын айқындап, ілгері жылжып, өркениеттікке, постиндустриалды, ақпараттық қоғамға қарай аяқ басып отырған шақта, ғылымды, оның қоғамдық өмірдегі алатын орнын қайта бағамдап, танымдық парадигмаларды да жаңаша қараумен байланысты. Өйткені, қазіргі кездегі ғылымдардың интеграциясы мен дифференциациясы, аномальді құбылыстардың тылсымдығын ашуға деген ұмтылыс, мистика мен оккультизмдердің құпияларын іздеу, әлемнің біз ойлағаннан гөрі күрделірек құрылым екен-

дігін түйсініп, оның сырларын ашуға деген беталыс ғылымда тың ізденістермен қатар, оның жаңа бір тәсілдері мен әдістерін ұсынуды керек етіп отыр.

Екіншіден, қазіргі ғаламдық мәселелер, оның ішінде емі табылмаған қатерлі аурулардың көбеюі, экологиялық дағдарыстар т.б. әлемге, одан соң, ғылымға деген жаңаша көзқарасты талап етеді. Мәселен, адам мен табиғат арасындағы қайшылықтың өрбуі, бүгінгі таңда әлемдік өркениетке жасыл экономиканы енгізуді ерікті-еріксіз түрде талап етіп отыр. Осы орайда, ғылыми таным әдістерін жаңартып, адамзаттың жасампаздығын қамтамасыз ететін әдістердің қайта жаңғыруы тиіс.

Үшіншіден, еліміздегі интеллектуальді ұлт қалыптастыру стратегиясы жастарымыздың ғылымға деген құлшынысын арттырып, білімділік пен ізденімпаздықты

нығайтуды қолға алып келеді. Әлемдік руханияттағы ғылыми таным мәселелерінің жаңарып отыруынан біздің еліміз де тыс қалмақ емес. Олай болса, біз қарастырып отырған мәселе – Қазақстанның жастарының ғылымды және оның танымдық бағдарын орнықты түйсінуі қажеттігінен, оған деген өз көзқарастырымызды білдіруімізден туындап отыр.

Ғылымның басты қызметтерінің бірі – дүниетанымдық және оны белгілі бір деңгейде оңтайлы бағытқа қарай өзгертушілік екендігін ескерсек, ғылым әлемді қалай таниды деген сауалға байланысты, оның танымдық бағдарлары туралы мәселелер туындайды. Ғылымның қоғамдағы мәртебесі мен танымдық бағдары жөнінде бір-біріне қарама-қарсы екі түрлі көзқарастар жүйесі қалыптасқан. Біріншісі, ғылымның орнын әйгілеп, ол адамзатты жарқын болашаққа бастайды және әлемді мүлтіксіз таныта алады, таза ақиқат білімдер береді деп санайды. Ал екіншісі, ғылым адамзатқа игілік емес, бақытсыздық алып келетін құрылым, ол прогресс емес, регресске бастайды және оның өлшемдері мен нәтижелері шындыққа тура сай келмейді деп санайды. Мысалы, діни фанаттар ғылым нәтижелерін жоққа шығарып, орнына діни танымды ұсынады.

Ғылыми таным бағдарымен, ғылым әдіснамасымен, әдістерімен, ғылым логикасымен, ғылым әлеуметтануымен, ғылымтану ілімімен шұғылданатын арнайы ғылым философиясы деп аталатын сала бар. Ол ғылымға рационалды және қарама-қарсы пікірлер тұрғысынан қарап, әдістері мен әдіснамаларын ұсынып, таным бағдарларын жүйелеп береді.

Ғылыми таным ақиқатқа жету үшін өзіндік әдістер мен әдіснамаларды қамтуы тиіс. Әдістердің пайда болуы мен дамуының өзіндік бір эволюциясы бар деуге болады. Көне дәуірдегі Үндідегі «Нья» ілімінде алғаш рет формальді логиканың негізгі бағыттары ұсынылса [1,466.], грек ойшылы Аристотель оны жүйелеп, логиканың заңдарын, ұғымдар арасындағы операцияларды туындатқан болатын: жалпылау, абстракциялау, ұқсату, жекелеу, салыстыру т.б. Бұл

– қазіргі формальді логиканың операцияларының, оның дамып, арнайы ғылыми әдістер ретінде орнығуының бастапқы негіздері болған еді.

Сол дәуірлерде ғылыми әдістер жүйелі түрде арнайы ұсынылмаса да, оның мынадай бағдарлары болғандығын атап өткен жөн. Фалес, Пифагор сынды математик-философтар геометриялық теоремаларын ұсынып, оны дәлелдеудің жолдарын тапса, полярлы қарама-қарсылықтарды туындатып, оны да ғылыми танымда қолдану жиі көрініс тауып отырды [2,14-246б.]. Мысалы, Гераклит әлемнің қарама-қарсы бастамаларын көрсетіп қана қойған жоқ, оны танымда қалай қолдану керектігіне стихиялы түрде болса да назар аударған еді. Бұл қазіргі таңдағы диалектикалық әдістің бастапқы негіздері болған деп пайымдауымызға болады. Атап айтқанда диалектикалық қарама-қарсылықтарды туындата отырып, қойылып отырған мәселені шешу, Г.Ф. Гегельдің философиясында арнайы заң ретінде дәйектелді.

Сократ өзінің білім беру мен танымдық әдісін майевтика ретінде ұсынған болатын [3,58б.]. Бұндай сұрақ қойып, жаңа ойды туындату, сұрақ қойылып отырған адамның бірізді ойлауы үшін сұрақтарды да жүйелі түрде қойып отыру әдісі қазіргі әлеуметтанулық, педагогикалық зерттеулердегі сұрау салу, сауалнама жүргізу әдісінің арғы негіздері деп тұжырымдай аламыз.

Сондай-ақ, оның «Өзіңді өзің таны» деген нақыл сөзі, адам тек сыртқы дүниеге ғана емес, өзін-өзі тануға да ұмтылуы тиіс екендігімен келіп айшықталады. Адамның өз ішіне өзі үңілуін қазіргі ғылыми танымдағы рефлексия мен психоанализдің түп негіздеріне ұқсатуымызға болады. Мысалы, рефлексия, тек адамның ғана емес, жалпы кез-келген ғылымның өзіне-өзі үңілуімен келіп байланысып жатса, психоанализ жалпы адамның психикасына, оның ішінде, бейсанасын зерттеумен айналысатындығын ескерсек, бұл әдістердің Сократтың идеяларында негізгі бағдарлары байқалғандығын аңдай аламыз.

Элей мектебінің бастауында тұрған Ксенофан діннің шығу тегін зерттей келе,

Гомер мен Гесиодттың құдайлар туралы толғауларын сынады: олар көп болуға тиісті еместігін, басқа да хайуанаттар қолдары болып жаза алатын болса, онда олар да өздеріне ұқсас құдайларды жасап шығарар еді деген сияқты идеяларын ұсынған болатын[4,486.]. Бұдан байқағанымыздай, генетикалық тәсіл мен аналогияны қолданғандығын және оны басқа да құбылыстарға пайдалануға болатындығын ұсынғандығын аңдай аламыз. Яғни, оның кез-келген құбылыстың шығу тегін зерттеп, оның әр түрлі нұсқаларын ұсынатын генетикалық тәсілді қолданып тұрғандығын және ұқсатау мен аналогияны пайдаланып тұрғандығын аңдай аламыз. Демек, ол б.э.б. 570-б.э.б. 480 жылдары өмір сүргендігін еске алсақ, бұндай тәсілдерді алғаш қолданушылардың бірі болғандығын бағамдай аламыз.

Көне Грецияда Демокрит негіздеген атомдық мектеп пайда болғандығы белгілі. Бұнда, әлемдегі материалды денелердің ең ұсақ бөлінбейтін бөлшек атомдардан құралғандығы туралы айтылады. Қазіргі таңда «атомдық тұрғы», «атомарлық айғақ» деген сияқты ұстанымдар бар. Мысалы, Э. Тоффлер атап өткендей, атомдық тұрғы қоғамдық өмірдің барлық саласында, тіптен саясатта да қолданылады, бұнда дауыс элементарлық бөлшек болып табылады [5,150б.]. Ендеше, Демокрит негіздеген атомдық теория кейіннен жетіле келе, ғылыми таным әдісіне айналғандығының куәсі болып отырмыз.

Қорытындылай келе, қазіргі ғылыми әдістердің алғашқы бастамалары көне Грек философиясында пайда болғандығын мынадай кестемен жүйелеп беруімізге болады:

№	Көне Грекиядағы бастаулар	Ғылыми әдістер
1	Аристотельдің логикасы	Формальді логикалық әдістер
2	Пифагордың, Фалестің теоремаларды дәлелдеуі	Дәлелдеу мен гипотеза
3	Гераклиттің қарама-қарсылық диалектикасы	Диалектикалық тәсіл мен диалектикалық логика
4	Сократтың майевтикасы мен «Өзіңді-өзің таны» атты нақыл сөзі	Әлеуметтанулық сұрау салу, сауалнама әдістері мен рефлексия, психоанализ
5	Ксенофанның құдайлардың пайда болуы туралы теориясы	Генетикалық және аналогиялық тәсіл
6	Демокрит негіздеген атомдық теория	Атомдық тұрғы

Әдебиеттер тізімі:

1. Лысенко В. Г. Универсум вайшешики (по «Собранию характеристик категорий» Прашастапады). - М., 2003.-486 с.
2. Меркулов И.П. Метод и гипотеза в истории научного познания.-М.: Наука, 1984.-186с.
3. Солопова М. А. Майевтика // Новая философская энциклопедия / Ин-т философии РАН; Нац. обществ.-науч. фонд; Предс. научно-ред. совета В. С. Стёпин, заместители предс.: А. А. Гусейнов, Г. Ю. Семигин, уч. секр. А. П. Огурцов. – 2-е изд., испр. и допол. – М.: Мысль, 2010. – 786с.
4. Словарь античности. Пер. с нем. – Москва, «Прогресс», 1989.-446с.
5. Тоффлер Э. Третья волна.-М.: ООО Издательство АСТ, 2002.-776с.

ЖУРНАЛИСТІҢ ҚЫЗМЕТІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР

Н.Қ. Камали

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.

Аңдатпа. Мақалада заманауи медиа-журналистердің күнделікті қызметінде әлеуметтік желілерді қолдануы туралы айтылады. Әлеуметтік желілер журналист үшін ақпарат көзі ретінде қаралып, қауымдастықта пайдаланушылар аудиториясының құрамын және медиа қылықтарды зерттеуге мүмкіндік береді.

Аннотация. В статье рассматривается опыт применения социальных сетей в повседневной работе современных медиа журналистов. Соцсети рассматриваются как источник информации для журналиста, в сообществах видны пользователи, а это позволяет изучать состав аудитории и ее медиа поведение.

Abstract. The article discusses the experience of using social networks in the daily work of modern media journalists. Social networks are seen as a source of information for journalists, community users can see, and it allows us to study the composition of the audience and its media behavior.

Тірек сөздер: әлеуметтік желілер, ақпарат көзі, кәсіби этика.

Ключевые слова: Социальные сети, источник информации, профессиональная этика.

Keywords: Social networks, a source of information, professional ethics.

Әлеуметтік желілер көп жағдайда интернет-нарықтағы жаһандық өзгерістер мен жылжу қарқындығын айқындайтын болды. 2010-2015 жылдары келесі деректер аталған болатын – жастар уақытының 50%-ын Интернеттегі әлеуметтік желілерде өткізеді. Іздеу уақыты үлесі бойынша: ақпаратты іздеу – 70%; әлеуметтік желіде 60%; жаңалықты іздеу мен оны оқу – 55%; музыканы көшіру мен оны тындау – 50%; фотоларды қарау – 45%; электрондық поштаны қолдану – 40%-ды құрайды. Жалпы әлеуметтік желіні пайдаланып, алынған деректерді кім және қалай қолданады деген мақсатпен әртүрлі зерттеулер жүргізілді – алынған деректер мынаны көрсетеді: пайдаланушылардың 80% достарымен араласады, 55% – жаңалықтарды іздейді, 40% – видео қарайды, 40% – достары мен болгерлердің профильдерін қарайды, 25% – ойын ойнайды. Сондай-ақ әлеуметтік желілер кәсіби қызметтің құралы да болады, бұл мына деректермен расталады – пайдаланушылардың 25% жұмыс істейді [1, 2].

Аудитория ресурсы бойынша желіні пайдаланушылардың өте үлкен бөлігі

АҚШ-та – 60%. Мысалы, Facebook бір айда миллиардқа жуық пайдаланушылар сағатын алады. 2011 жылы Facebook әлеуметтік желісіне ай сайын АҚШ-тың 140 млн. астам пайдаланушылары кірді. Олар осы электрондық ресурста, жалпы алғанда, миллиард сағатқа жуық отырады, орташа алғанда бір пайдаланушыға айына 6,5 сағаттан келеді. Қазақстандық әлеуметтік желіде отырғандар орташа есеппен ай сайын 2010 жылы 2,8 сағатты құраса, 2012 жылы – 4,5 сағатты, ал 2015 жылы – 5,1 сағатты құрады және бұл көрсеткіш жылдан жылға өсіп отыр [1, 2].

Әлеуметтік желіге кіру іздеу ресурстарына кіруден гөрі көп, яғни күрделі бәсекелестік туып отыр. Шетелдік және ресейлік ақпарат көздерінің деректері бойынша 2010-2012 жылдары ең көп сұранысқа ие болған әлеуметтік желілер [3, 4]: «Одноклассники» – Интернет пайдаланушылардың 75%, «Вконтакте» – 65%, «Мой мир» – 35%, Facebook – 20%, Twitter – 10%.

Қазіргі уақытта басылымдардың көбі пайдаланушылармен әлеуметтік желіде құрылған контентті қолданады, Ресейлік БАҚ аудиториямен өзара әрекеттесу үшін

Facebook, «ВКонтакте», «Одноклассники», Google+, Instagram, Twitter, Livejournal, Foursquare, «Мой мир»-ді таңдайды. Олардың арасындағы ең жиі қолданылатын публиктер, яғни әлеуметтік желідегі, Facebook, «ВКонтакте» мен Twitter-дегі ресми парақшалар болып табылады.

Әлеуметтік желілер арқылы көптеген БАҚ конкурстарды өткізеді, шенеуніктер мен жұлдыздар үшін сұрақ жинастырады, пайдаланушылармен бірлесіп әртүрлі тақырыпқа оқиғалар жазады. Аудиторияны тарту үшін күлдіргі әдістерді жиі қолданады, мысалы, «Эхо Москвы» мен Lenta.ru. редакциялары өз парақшасында осындай әдісті қоланады.

Әлеуметтік желілер – бұл ресурстар шектелген кезде өз аудиториясымен байланысты сақтап қалудың керемет тәсілі (оқырманның барлық сипаттамаларын зерттеу). Әлеуметтік желілер мынадай мүмкіншіліктер береді: комментарийларды іріктеу және олардың сапасын арттыру (комментарийлар дереу толық келіп түседі); аудитория әрекетіндегі өзгерістерге дереу жауап беру және БАҚ қызметін түзету; сауалнама мен конкурстарды өткізу; жаңалыққа тез жауап беру мүмкіндігі; аудиториядан жаңалықты алып тұру және ньюсмейкерлермен байланыста болу; жаңалықтар лентасын ақпарат көзіне айналдыру (әлеуметтік желі жаңалықтар агрегаты сияқты жұмыс істеуі); пайдаланушылардың назарын негізгі басылым сайтына тарту (әлеуметтік желідегі басылым парақшасынан негізгі интернет-БАҚ-қа өту санын санау); журналистің жеке брендін дамыту; аудиторияның мүддесін әрбір нақты материалға қойған лайктары саны бойынша зерделеу; журналистік және БАҚ ұсынған мәтіндерді жазу; журналистің еңбегін лайк пен посттар санына қарай марапаттау жүйесін қалыптастыру. Алайда өтірік лайктар санын арттыру мәселесі де бар – олар сол немесе өзге жаңалықты тарату, ақпаратты тастап жіберу.

ВВС журналистерінің ұсынымдарына сәйкес, аудиториядан келіп түскен ақпаратпен әлеуметтік желіде жұмыс жасауға мынадай тексерулер кіруге тиіс: аталған

аккаунттың бар болуы; фото/видео/хабарлауды жолдаған адамның орналасқан орны; видеода сөйлесіп отырған адамның акценті; түсірілімнің, фоторедакторды қолданған күні; ауа райы жағдайы – олардың фото/видеомен сәйкес келуі; түсірілім уақыты (көлеңкенің ұзындығына дейін); машина нөмірлері және кадрға түсіп қалғандардың барлығы қосымша ақпарат беруі мүмкін [5, 6].

Әлеуметтік желілердің қарқынды дамуы журналистің басылым кейіпкері туралы ақпаратты іздеуін жеңілдетті. Әлеуметтік желілер журналистиканың дәстүрлі әдістерінің орнын толтырмайды, бірақ күрделі журналистік проблемаларды шешуге қосымша көмек көрсетеді. Бұдан басқа, пайдаланушы туралы жеке ақпаратты пайдалану мен таратуда кәсіби этика нормаларын сақтау қажет. Әлеуметтік желілерде өмірбаян сипатындағы ақпаратқа, соның ішінде фотосуретіне қол жеткізу жеңіл. Фотосуретті журналистер кейіпкердің келісімін алмай-ақ газетке басып шығару үшін пайдаланады. Журналист аккаунтта көрсетілген деректердің растығын тексермей оларды расталған фактілер ретінде қолданады.

Әлеуметтік желілерде жұмыс жасау ережесін сақтамау қателерге байланысты болады, оларды әртүрлі басылым корреспонденттері жіберіп тұрады. Мысалы, БАҚ қарапайым азаматтарды қателесіп қылмыскерлер деп ақпарат беруі мүмкін, сенсацияға құмарлаған журналистер кінәсіз адамдарды қылмыскер деп жаңалық шығарылымдарында жала жапқан кездері де болған [1-5]. Тірі адамдарды, мысалы, тегі мен аттары сәйкес келгендіктен, самолет апаттары болған кезде, өлгендер қатарына қосқандар да кездеседі. Кінәсіз, қылмыскер болып айыпталған адам өз аккаунттарын әлеуметтік желіден алып тастауға мәжбүр болды.

Әртүрлі арналардың бағдарламаларында да, газет беттерінде де мәртебені дәйексөз ретінде алып тұру норма болып келеді. Кейде Интернет-БАҚ-тағы жаңалықтар пайдаланушылардың жеке парақшасындағы комментарийлар мен әлеу-

меттік желідегі хат алмасуға негізделеді. Осыған байланысты, қарапайым пайдаланушы ұйымдастырған ақпараттық салымдар мен троллингтер ғана көрсетіледі. Олар намысқа тиетін түрде болады. Кейде пайдаланушылар жағынан әдейі істелінген арандатушылық та болуы мүмкін. Парақшада журналистпен хат алмасу немесе БАҚ жарияланған солардың мәтіндері де болуы мүмкін.

Әлеуметтік желідегі парақшалар бүгін жеке ақпарат көзі ретінде қабылданады, олардың мәртебесі де өсіп жатыр. Мысалы, суретке, концертке немесе көрмеге және т.б. қатысты жалпы қоғамда талқыланған оқиғаның бірнеше нұсқасы болуы мүмкін.

Мәдениет саласында істейтін әлеуметтік сала өкілдері арасында концерт, спектакль премьерасы немесе алдағы болатын, өткен көрменің жарнамасы немесе ресми алаңы, яғни афиша, тілектері немесе ұсынатын парақшасы ретінде де қолдануы мүмкін. Бұл екі жақты қатынасты нығайтады. Көрермен мен мәдениет саласы қызметкері арасындағы талапты, репертуарды, тіптен қою уақытында айқындауға жағдай жасайды. Осындай коммуникация каналдары дереу ақпаратпен алмасуды тиімді етіп отыр, және бұл жәйт әйгілі тұлғамен тікелей байланыста болу көрінісін де қолжетімді қылады. Яғни, шетелге, алыс орналасқан қалаға журналист пен оператордың жетуге уақыты болмағандықтан, немесе концерт, спектакль көрсету уақыты сол жерге жету уақытымен тығыздау болған кезде, осы әдіс өте ыңғайлы. Бұл сол мәдени іс-шарадан тікелей репортаж немесе интервью алу мүмкіндігін жасайды. Мәдени жаңалықтар бағдарламасында осы әдісті қолдану, яғни, әлеуметтік желі арқылы сол іс-шараға, алдын ала келісіп әрине, қатысуға, түсірілім алып телекөрерменге көрсетуге, сол шетелдегі әртіспен, әншімен, композитормен, суретшімен және т.б. сұхбаттасуға әлде қандай жағдай жасауы мүмкін. Бұл жеке журналист үшін де, бір дардай телеканал үшін де, мемлекет билігі үшін де нақты адам ретіндегі брендпен жұмыс істеу құралы болуы тиіс. Нақтап айтқанда, Twitter.

Алайда, қазіргі уақытқа дейін осы коммуникациялар каналдардың әлеуметтік масшатабыныңықпалын аяғына дейін бағаланған жоқ. Өйткені аты шулы әлеуметтік желілердегі жазулар сол пайдаланушының мәдениет, өнер жағынан сауатсыздығын білдіреді. Яғни, сол талқыланып жатқан мәдени іс-шарадан хабары жоқ екенін және соны қабылдауға дайын еместігін көрсетеді. Сондықтан осы әлеуметтік желіні тек ақпарат көзі ретінде ғана емес, сол мәдени іс-шараға қатысты толыққанды ақпаратты сол репортажды түсіретін немесе интервью алатын журналист әлеуметтік желіде алдын ала пайдаланушымен біраз жұмыс жасауы қажет: іс-шараға қатысты түсініктеме, ақпарат беру, қойылымға қатысатын режиссер, әртіс, тіптен тақырып бойынша да тарихи мәлімет, деректер беру. Бұл журналистің сауаттылығын көрсетеді, және пайдаланушылардың сол мәдени іс-шараға деген қызығушылығын тудырады. Яғни, Twitter өзін жария ету үшін ғана емес, тікелей жұмыс құралы ретінде аудиториямен, азаматтармен өзара әрекеттесу үшін де қолдануға болады.

Сонымен қатар, журналистің әлеуметтік желідегі және әлеуметтік медиадағы кәсіби этикасы туралы да айта кеткен жөн [8]. Оқырман ортасынан шыққан репортерге қатысты – ол жазған мәтінге құқықтық және этикалық тұрғыдан БАҚ-тың редакциясы. Анонимдік хабарламалар қаралмайды. Сонымен, мәдени іс-шараға қатысты қандай да мәлімет, деректер, ақпаратты жариялау алдында журналист оны мұқият тексеруі және басқа да ресми ақпарат көздерімен салыстырып, шығаруы тиіс. Бұл блогерге де қатысты, олардың арасында этика, құқық жағынан мықты да сауатты жазушылар да бар.

Блогосферадағы медиаэтиканы бұзуға байланысты көптеген оқиғалар бар. Оны болдырмау үшін мынаны білу керек: ақпаратпен блогерлер жұмыс жасаған кезде нені басшылыққа алады, қоғам мен пайдаланушылар алдында әр бір айтылған, жазылған сөзіне жауапты екенін, мысалы, композитордың атын, өмірбаянын, сол туралы барлық деректерді шатастырып ал-

мас үшін, сенімді БАҚ көздерінен тексеру керек екенін сезінеді ме екен? Әлбетте, кәсіби журналистер де шатасып қате жіберуі мүмкін, ал еркін авторлар мен азаматтық журналистер түсінбей, яғни журналистік этикадан хабары болмағандықтан жасауы мүмкін. Әр журналист, әсіресе мәдениет саласы бойынша әлеуметтік желі арқылы ақпарат беріп отырған, интернетте айтылған сөзі, берген ақпараты бүкіл редакцияның ақпараты ретінде қабылданынын ұмытпау керек. Сонымен қатар өзі істеп отырған редакциясын жасырмай айтуға, қате жіберген ақпараты немесе намысқа тиетін сөз айтқаны үшін кешірім сұрауды ұмытпауы, әріптестері, редакция саясатына қауымдастық алдында сын айтпауы тиіс. Журналист ретвиттері, лайктары, репосттары оның пікірі немесе редакцияның ұстанымы деп қабылдануы мүмкін екенін есте ұстау қажет.

Сондықтан мәдени іс-шараға қатысты ретвиттер, лайктар, репосттар аса мұқият қолданылуы керек. Журналист тек сенімдісіне ғана сілтеме жасауына бола-

ды. Мысалы, аты әйгілі, танымал қауымдастықта оның аты беделді және айтқан ой пікірі жоғары баға алатын, артында шулы, намысқа тиетін басылымдары жоқ мәдениет қайраткерінің, Блогерлердің шығармашылығын қорғайтын кәсіби одақ пен қауымдастықтар құрылып жатыр. Олар блогерлерді пайдаланушылардың құқық бұзушылығынан қорғауы керек, БАҚ қарым-қатынастарын ретке келтіруі тиіс.

Жалпы, журналистік этика жөніндегі кодекс қабылданған. Оны бұзған журналист немесе блогерлердің қызмет аясы шектеліп, блогерлер қауымдастығынан шығарылады. Алайда, инертнетте жұмыс істеу этикасын реттейтін қолданыстағы бірегей құжат жоқ. Бірақ бұл мәдени салада істейтін журналистің немесе блогердің әлеуметтік желіге салған ақпаратқа деген жауапкершілігін жоққа шығармайды. Сондықтан әрбір мәдениет жаңалығы ресми ақпаратпен және де ресми органдармен жұмыс істеуді талап етеді. Айтыпты, естідік, көрсетеді екен деген ақпаратқа сүйену журналистің сауатсыздығын білдіреді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Киселёв А.Г. *Теория и практика массовой информации*. -М.: 2012.
2. *Занятия и интересы в интернете* // <http://finance.rambler.ru/news/ratings/52201546.html>
3. Висенс А. *Особенности работы СМИ с аудиторией и соцсетями. Презентация доклада* // *Материалы Международной конференции «СМИ и социальные сети: перспективы взаимодействия»* (СПб., 26 сент. 2011 г.) - СПб., 2011. - С. 4. URL: <http://spb.smi.ru> (дата обращения: 10.08.2014)
4. *Исследование аудитории российских социальных сетей* // CMSmagazine. URL: <http://research.cmsmagazine.ru/audience-research-russian-social-networks/> (дата обращения: 15.12.2014).
5. Лукина М.М., Фомичева И.Д. *СМИ в пространстве интернета*. -М.: 2005.
6. *Топ-100 качественных интернет-СМИ России* // <http://www.gazeta.spb.ru/260428-0/>
7. Кичанова В.10 *Twitter-проколов политиков* // *Slon*. 24.09.2012. URL: http://slon.ru/russia/10_twitter_prokolov_politikov-831268.xhtml (дата обращения: 15.08.2014).
8. *Соцсети: кто и для чего их использует* // *Фонд Общественное мнение*. 24.09.2014. URL: <http://fom.ru/infografika/11718> (дата обращения: 15.12.2014).

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН БЕЙНЕСІ

С. Оспанұлы, К.М Мырзағалиева

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай қ.

Аңдатпа. Мақалада Ыбырай Алла тағаланың хақтығын мойындағанымен көзсіз, соқыр сенімге берілмей, шындыққа жүгінген. Бұл жағынан Ұлы ұстаздың дүниетанымы ұлы ақын Абай Құнанбаев дүниетанымымен астасып жатады. Ыбырай да, Абай да Көкбай Жанатайұлының сөзімен айтсақ, «діннің негізін, мақсат-бағытын ғана алып, соны ақиқат діні етіп қолданған» Ыбырай қыры сан-алуан. Ол-халық жүрегінен мәңгі орын алған ардақты да асыл бейне.

Аннотация. В статье рассказывается о том, что Ибрай Алтынсарин, не предаваясь вслепую вере, искал во всем истину. С этой точки зрения мировоззрение великого поэта Абая Кунанбаева перекликается со взглядами великого педагога. Как говорил Кокбай Жанатай улы: « - и Ибрай, и Абай, из религии брали только самое главное и использовали ее как религию истины». Ибрай является дорогим и уважаемым образом в сердце народа.

Abstract. This article shows that Ibrahim Altynsarin not indulging in blind faith, was looking around the truth. From this perspective, world of the great poet Abay in common with the views of a great teacher. In the words of Kokbay Zhanatan uly and Ibrahim, and Abay, «with religion took only the most important and used it as a religion of truth». Ibrahim is respectable figure in the heart of the people.

Тірек сөздер: ұстаз, білім, мектеп, әдебиет.

Ключевые слова: учитель, образование, школа, литература.

Keywords: teacher, education, school, literature.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ТҮЛҒАСЫ

Өмірден талай талантты ғалымдар да, дарынды ақиық ақындар да, даңқты қолбасшылар да, небір майталман қылқалам шеберлері де, ұлы ұстаздар да өткен. Алайда олардың бәрінің ақылы мен дарындылығына мінезі сай болып, сөзі мен ісі бір жерден шыға бермеген.

Не бәрі қырық сегіз жыл ғұмыр кешіп, бар саналы ғұмырын ағартушылық жолына жұмсаған Ыбырай (Ибраһим) Алтынсарин қандай адам болған?!

Мұхаммед пайғамбардың өсиет хадистерінде: «Егер сіз адамның Алла алдындағы бағасын білмек болсаңыз, онда ол адам туралы халықтың пікіріне құлақ түріңіз», - делінеді [1].

Халық, көзкөргендер не дейді?

Әділ, табанды, көргенді, дарынды

Қазан университетінің профессоры, ориенталист Н.И.Ильминский: «Григорьев Балғожаны аса құрметтеп, жоғары бағалайтын, ал Ыбырай Балғожаның немересі

болғандықтан ғана емес, өзінің жеке басының қасиеттерімен, сондай-ақ дарындылығымен генералдың сүйіспеншілігіне бөленген еді» [Н.И.Ильминскийдің естелігінен], - деп еске алады.

Ыбырай Орынбор бекінісіне оқуға қамқоршысы Жетібай Өтемісұлымен бірге барады. Біраздан соң оның ауылына қайтуына рұқсат етіледі. Ыбырай шекаралық Комиссияның төрағасынан Жетібайдың қасында қала тұруын өтінеді. «Орынбор әкімшілігінің Өтемісұлын үйіне қайтаруға жасаған кезекті әрекеттеріне қарамастан Алтынсариннің үсті-үстіне асқан табандылықпен оны қайтармауын өтінумен болды» [Сүлейменов Б. «Ыбырай Алтынсариннің өмір жолы және қызметі»]. Нәтижесінде әкімшілік Ыбырай қамқоршысын тұрмыс ақысын төлеп, қалдырады.

Б.Сүлейменов Ыбырайдың үздік оқығанын, ол үшін талай рет алғыс та алғанын айтып: «1853 жылы мамырдың 31-ші жұлдызында жазылған «Сынақ актінде» үздік

үлгерімі мен көргенділігі үшін барлық оқушылар алдында Алтынсаринге алғыс хат жарияланды» [Сонда], -дейді.

«Бір ғана айтарым – ол өте әділ, шыншыл, қай жағынан алғанда да ізгі ниетті, мейірбан адам еді». [А.Мазохиннің Ы.Алтынсарин жайындағы естеліктерінен].

РСФСР-дің педагогика тарихы мен теориясы институтының аға ғылыми қызметкері болған, Ы.Алтынсарин шығармашылығы жайында кітапша жазған А.Ф.Эфиров ұлы ұстаздың кемеңгерлігін айта келіп: «Ол нұрлы ақыл, жылы жүрек, көп қырлы дарын иесі болды. Балғын шығынан бастап-ақ бар күш-жігерін, қажыр-қайратын туған халқына қызмет етуге арнады,- дейді [Эфиров А.Ф. «Өмірі мен педагогикалық қызметі»]. Көшпелі Қазақбайұлының «Қазақ билерінің жұмыстарды тексеретұғын турасынан» деп аталатын мақаласында Алтынсариннің билікті адал да, әділ жүргізгені, халқына жан аямай қызмет етіп, үнемі пайда келтіруді ойлағаны айтылады [«Дала уалаятының газеті», 1894, № 46].

«Біздің әңгімеміз негізінен сөздердің мағынасы төңірегінде өрбитін деп жазады Н.И.Ильминский – Мен тек шет тілдегі сөздердің орыс тіліндегі мағынасын берумен ғана шектелмей, техникалық терминдерге келгенде уақыттың тығыздығына мән берместен барынша кеңінен түсіндіруге тырысатынымын. Ал Алтынсарин болса, асқан табандылықпен тыңдаушы еді. Ол өзінің сүйкімділігінен біздің отбасының қадірлі қонағына айналып та кетті». (Н.И.Ильминский естелігінен)

Ы.Алтынсариннің «Мұсылмандық тұтқасы» кітабын орыс ағартушыларының орыс әрпімен бастыру керек дегендеріне қарамастан, дін уағыздары мен құран сүрелерінің бұрмаланып берілуінен сақтанып араб әрпімен шығаруға күш салуы да табандылығын аңғартады. Сол күрескерлігі арқасында дін сабағы мектепте өзі жазған осы қазақ тіліндегі оқулықпен оқытылатын болады.

Торғайда жаңа үлгідегі мектеп ашуы, оның керек-жарағын алу үшін ауыл-ауылды аралап қаражат жинауы, қолөнер мектебін,

әсіресе қыздар мектебін ашып, жатақханалар салдыруы, сол жолда жеңіске жетуі ізденімпаздық, қайсарлық, табандылық қасиеті мен соның жемісі екені даусыз.

Мейірімді, қарапайым, қамқор

Екі сыныптық Қостанай орыс-қазақ мектебінің оқытушысы Ф.Д.Соколов: Ыбырай мұғалімдермен жылы әңгімелесіп, көпшілік алдында олардың беделін көтере сөйлейтінін, басқалардан да мұғалімдерге міндетті түрде құрметпен қарауды талап ететінін еске алып, «Ол мұғалімдермен сұхбаттасқанда олардың оқу ісіне деген құштарлығын оята білетін» деп ерекше қасиетіне де тоқталып өтеді... «Алдына қай кезде, қандай жұмыспен барсаң да ол кісі шынайы тілектес болып, ақыл-кеңесін, не көмегін аямайтын. Қазақ халқы оны аса құрмет тұтатын»,-дейді.

Соколовтың бұл пікірі Ыбырайдың қазанамасында да қайталанатын: «Алтынсарин медреселердің ұстаздарына шын ықыласымен жақын, кішіпейіл болып, солардың зәрулігі болса болысуға даяр болушы еді. Сол себептен олар өзін сүюші еді, қазақтар да өзіне инабатты еді. Алтынсарин орыстардың әр ғылым-білімдерін біліп, қазақтың бірмінезді, ақылды, данышпан, қазақ халқына һәм Россияға пайдалы бір қызметтегі адам еді».

